BD ProbeTec ET *Chlamydia trachomatis* and *Neisseria gonorrhoeae* Amplified DNA Assays

(ProbeTec ET *Chlamydia trachomatis* және *Neisseria gonorrhoeae* микроорганизмдердің күшейтілген ДНҚ талдаулары)

CE 0344

3300754JAA
2010/07
Қазақ

ҚОЛДАНУ МАҚСАТЫ

BD ProbeTec ET System (жүйесінде) жасалатын **BD ProbeTec** ET *Chlamydia trachomatis* (CT) and *Neisseria gonorrhoeae* (GC) Amplified DNA Assays (*Chlamydia trachomatis* (CT) және *Neisseria gonorrhoeae* (GC) микроорганизмдердің күшейтілген ДНҚ талдауларында) *C. trachomatis* не *N. gonorrhoeae* инфекциясының немесе екеуінің де жұққаныны дәлелі ретінде жатыр мойншығының жағындысынан, ер адамдардың несеп жолының жағындысынан және әйел мен ер адамдардың несеп жолынан алынған үлгілерден тікелей, сапалы түрде *Chlamydia trachomatis* және *Neisseria gonorrhoeae* ДНҚ-ларын анықтау үшін, SDA (Strand Displacement Amplification, Тізбекті ығыстырумен күшейту) әдісі пайдаланылады. Үлгілер инфекция белгілері бар не жоқ әйел және ер адамдардан алынуы мүмкін. Бөлек Күшейту тексеруі кідірту сынағының қосымшасы болып табылады (**BD ProbeTec** ET CT/GC/AC Reagent Pack (реагент жинағы)). **BD ProbeTec** ET CT/GC талдауларын **BD ProbeTec** ET System (жүйесінде) немесе **BD ProbeTec** ET System (жүйесі) мен **BD Viper** instrument (құралын) бірге пайдаланып жасауға болады.

ҚЫСҚА СИПАТТАМАСЫ МЕН ТҮСІНІКТЕМЕ

Chlamydia trachomatis және *Neisseria gonorrhoeae* инфекциялары — АҚШ-та ең жиі кездесетін, жыныстық қатынас арқылы тасымалданатын бактериялық аурулар. АҚШ-та әр жыл сайын шамамен 4 миллион жаңа хламидиоз жағдайы, ал бүкіл әлемде 50 миллион жаңа жағдай анықталады деп жорамалданады.[1-3] Әйелдердің АҚШ-тағы хламидия бактериясын жұқтырған әйелдердің саны 1996 жылы 100 000 жан үшін 186,6 болды. 1996 жылы АҚШ бойынша хламидия инфекциясы мен гонорея ауруларының тіркелген саны сәйкесінше 490 080 және 325 883 санын құрады.[2]

Хламидия — Грам бойынша боялмайтын (теріс), ерекше жағдайды талап ететін жасуша ішіндегі бактерия. Олар арнайы бояу жасалғаннан кейін жеңіл микроскопия арқылы жасушы культурасының ішінде байқалатын ерекше жасуша ішіндегі бірігулерді түзейді.[4] *Chlamydia trachomatis* әйелдерде цервицит, уретрит, сальпингит, проктит және эндометрит ауруларының, ал ер адамдарда уретрит, эпидидимит және проктит ауруларының пайда болуына себеп болады. Күшті ауруларды әдетте ер адамдар сезінеді, себебі әйелдерде инфекцияның ешқандай белгілері болмайды. Инфекция жұққан әйелдердің 70 – 80%-нда, ал ер адамдардың 50%-нда ешқандай белгі байқалмайтыны анықталды. Әйелдердегі көптеген хламидия инфекциялары емдеусіз қадады. Бұл өз кезегінде, бедеулікке алып келетін негізгі себеп болып табылатын төмен деңгейдегі фаллопиев түтіктерінің қабынуына алып келеді. Сондай-ақ, бұл организмдер туу жолында тасымалданып, жаңа туған нәрестенің конъюнктивит және/немесе хламидиялық өкпе қабынуымен сырқаттануына себеп болуы мүмкін.[4,5]

Neisseria gonorrhoeae — Грам бойынша боялмайтын (теріс), оксидаза ферменттері бар диплококки бактериялары. Олар әдетте нейтрофилдердің ішінде болатын Грам бойынша боялған жағындылар мен уретралық іріңдердің ішінде байқалады. Мекендейтін орнынан тыс ұзақ өмір сүрмейтіндіктен және құрғақ орта немесе жоғары температуралар сияқты жағымсыз қоршаған орта жағдайларына сезімтал болғандықтан, *N. gonorrhoeae* культурасын анықтау қиын болуы мүмкін.[6] *Neisseria gonorrhoeae* бактериясы ер адамдарда емдемеген жағдайда эпидидимит, простатит және уретраның тарылуы сияқты ауруларға асқынуы мүмкін күшті уретрит ауруына себеп болады. Әйелдерде, инфекция негізінде жатыр мойншығы арнасының шырышты қабығында көрініс табады. Әйелдерде маңызды асқыну ретінде бедеулікке алып келетін жамбас органдарының қабынуын айтуға болады.[7] Инфекция көбіне әйелдерде және сирек жағдайда ер адамдарда ешқандай белгі бермейді.

C. trachomatis және/немесе *N. gonorrhoeae* бактерияларын анықтаудың қазіргі таңдағы әдістеріне культуралық, иммунды талдаулар, күшейтілмеген және күшейтілген үлгілер жатады.[4,6,7] Күшейтілген әдістердің дамуы барысында, оның күшейтілмеген әдіске қарағанда екі артықшылығы анықталды: жоғарылатылған сезімталдық және әр түрлі үлгі түрлеріне қолдану мүмкіндігі. Ұзақ уақыт бойы, культура *C. trachomatis* хламидиясын анықтаудың «алтын стандарты» болып саналды. Дегенмен, культура нәтижелері әр зертханада әр түрлі болады және күнделікті тәжірибе көрсеткендей, олардың күшейтілген әдістерге қарағанда сезімталдығы төменірек. Бірнеше СТ бактериясын анықтау әдістерінің біріктірілген нәтижелері жаңа сынақты бағалау дәлдігін арттырады және ауруды жұқтырған және жұқтырмаған емделушілерді нақтырақ анықтауға мүмкіндік береді. GC бактериясын анықтау үшін оңтайландырылған культура әдістері гонококк инфекциялары бар емделушілерге диагноз қоюдың әлі де стандартты әдісі ретінде пайдаланылады.

BD ProbeTec ET System (жүйесінде) жасалатын **BD ProbeTec** ET *Chlamydia trachomatis* and *Neisseria gonorrhoeae* Amplified DNA Assays (*Chlamydia trachomatis* және *Neisseria gonorrhoeae* күшейтілген ДНҚ талдауларында) күшейту әдісі ретінде біртекті SDA технологиясы, ал емханалық үлгілерде *C. trachomatis* және *N. gonorrhoeae* ДНҚ-ларын анықтаудың әдісі ретінде флюоресцентті энергияны тасымалдау (ET) пайдаланылады.[8-10]

ПРОЦЕДУРАНЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

BD ProbeTec ET *Chlamydia trachomatis* and *Neisseria gonorrhoeae* Amplified DNA Assays (*Chlamydia trachomatis* және *Neisseria gonorrhoeae* күшейтілген ДНҚ талдаулары) күшейту праймерлері мен флюоресцентті жапсырмасы бар детектор ұшын пайдаланып бір уақытта күшейту жасау және мақсатты ДНҚ-ны анықтау негізінде жасалады.[9,10] SDA реагенттері екі бөлек бір рет пайдаланылатын шағын түтік жолақтарында кептіріледі. Өңделген үлгі күшейту праймерлері, флюоресцентті жапсырмасы бар детектор ұшы және күшейту үшін қажетті басқа реагенттерден тұратын Толтыруға арналған шағын түтікке салынады. Инкубациядан кейін, реакция қоспасы SDA үшін қажетті екі ферменті (ДНҚ-полимераза және шектеу эндонуклеазасы) бар Күшейтуге арналған шағын түтікке тасымалданады. Ластануды болдырмау үшін, Күшейтуге арналған шағын түтіктің аузы бітеліп жабылып, күшейтілген өнімдер буынының әр реакциясын қадағалайтын, температурасы бақыланатын флюоресцентті оқу құрылғысына инкубацияланады. СТ және GC бактерияларының бар-жоғы **BD ProbeTec** ET MOTA (Method Other Than Acceleration, Жылдамдатудан басқа әдіс) санағы мен алдын ала анықталған шектес мәндерінің үлгісін байланыстыру арқылы анықталады. MOTA санағы реакция нәтижесі ретінде жасалған сигналдың күшін бағалау үшін пайдаланылатын өлшем болып табылады.

Бұл қосымша бетте екі түрлі талдау жинағының (CT/GC реагент жинағы және CT/GC/AC реагент жинағы) сынақ процедуралары сипатталады. CT/GC Reagent Pack (реагент жинағы) пайдаланылған жағдайда, әр үлгі және бақылау екі бөлек шағын түтіктердің ішінде тексеріледі: *C. trachomatis* үшін біреу және *N. gonorrhoeae* үшін біреу. CT/GC/AC Reagent Pack (реагент жинағы) пайдаланылған жағдайда, әр үлгі және бақылау үш бөлек шағын түтіктердің ішінде тексеріледі: *C. trachomatis*, *N. gonorrhoeae* және Күшейту бақылауы. Күшейту бақылауын жасаудың мақсаты SDA реакциясын тежейтін үлгіні анықтау болып табылады.

РЕАГЕНТТЕР

Әр **BD ProbeTec** ET CT/GC (Reagent Pack) реагент жинағының ішінде төмендегілер болады:

Chlamydia trachomatis (CT) толтыруға арналған шағын түтіктер, 4 x 96:

4 Олигонуклеотид ≥ 7 пикомоль; dNTP ≥ 35 наномоль; Буферлер мен тұрақтандырғыштары бар детектор ұшы ≥ 25 пикомоль.

Neisseria gonorrhoeae (GC) толтыруға арналған шағын түтіктер, 4 x 96:

4 Олигонуклеотид ≥ 7 пикомоль; dNTP ≥ 35 наномоль; Буферлер мен тұрақтандырғыштары бар детектор ұшы ≥ 25 пикомоль.

Chlamydia trachomatis (CT) күшейтуге арналған шағын түтіктер, 4 x 96:

Шектеу ферменті ≥ 30 бірлік; ДНҚ-полимераза ≥ 25 бірлік; Буферлер мен тұрақтандырғыштары бар dNTP's ≥ 80 наномоль.

Neisseria gonorrhoeae (GC) күшейтуге арналған шағын түтіктер, 4 x 96:

Шектеу ферменті ≥ 15 бірлік; ДНҚ-полимераза ≥ 2 бірлік; Буферлер мен тұрақтандырғыштары бар dNTP's ≥ 80 наномоль.

BD ProbeTec ET CT/GC/AC Reagent Pack (реагент жинағында) жоғарыда көрсетілген реагенттерге қоса төмендегілер бар:

Күшейту бақылауы (AC) толтыруға арналған шағын түтіктер, 4 x 96:

4 Олигонуклеотид ≥ 7 пикомоль; dNTP ≥ 35 наномоль; детектор ұшы ≥ 25 пикомоль; буферлер мен тұрақтандырғыштары бар pGC10 тізбектелген плазмидтің әр реакциясына ≥ 1 000 көшірме.

Күшейту бақылауы (AC) күшейтуге арналған шағын түтіктер, 4 x 96:

Шектеу ферменті ≥ 15 бірлік; ДНҚ-полимераза ≥ 2 бірлік; Буферлер мен тұрақтандырғыштары бар dNTP's ≥ 80 наномоль.

ЕСКЕРТПЕ: Әр шағын түтік дорбасында бір ылғалды жинайтын сөмке болады.

Қосалқы құралдар: толтыру қақпақтары; 40 күшейтуді герметизациялау құралы, 20 қоқыс дорбасы.

BD ProbeTec ET (CT/GC) Control Set (бақылау жинағы), ≥ 5 µg Salmon сынақтарының ДНҚ-сы бар, pCT16 тізбектелген плазмидтің* әр реакциясы үшін 750 көшірме, және pGC10 тізбектелген плазмидтің* әр реакциясы үшін 250 көшірме қамтитын 20 CT/GC Positive Controls (оң бақылаулары) (кептірілген 50 мкл); ≥ 5 µg Salmon сынақтарының ДНҚ-сы бар 20 CT/GC Negative Controls (теріс бақылаулары) (кептірілген 50 мкл); **BD ProbeTec** ET CT/GC Diluent Tubes (ерітінді түтіктері) – әр қайысында калий фосфаты, DMSO, глицерин, 20 полиоксиэтилен майлық қышқылының эфирі және 0,03% Proclin (қорғаныс) бар 2 мл үлгі ерітіндісінің 400 түтігі; **BD ProbeTec** ET Diluent (ерітіндісі) (CT/GC) – калий фосфаты, DMSO, глицерин, 20 полиоксиэтилен майлық қышқылының эфирі және 0,03% Proclin (қорғаныс) бар 225 мл үлгі ерітіндісі.

* Спектрофотометрикалық әдіс арқылы ДНҚ концентрациясының мөлшері 260 нм деңгейінде екені анықталды.

Құрал, құрылғы және жабдықтар: BD ProbeTec ET Instrument and Instrument Plates (құралы және құралдың тақтайшалары), **BD ProbeTec** ET Lysing Heater, Lysing Rack and base (лизис қыздырғышы, лизис сөресі мен негізгі бөлігі), **BD ProbeTec** ET Priming and Warming Heater (толтыруға және жылытуға арналған қыздырғышы), **BD ProbeTec** ET Pipettor and Power Supply (тамшуыр-дозаторы мен қуатпен жабдықтау құралы), **BD ProbeTec** Urine Preservative Transport Kit (несеп концентратын тасымалдау жинағы), **BD ProbeTec** ET Sample Tubes, Caps, and Pipette Tips (үлгі түтіктері, қақпақтары мен тамызу ұштары), **BD ProbeTec** ET *Chlamydia trachomatis/Neisseria gonorrhoeae* (CT/GC) Amplified DNA Assay Endocervical Specimen Collection and DRY TRANSPORT Kit (күшейтілген ДНҚ талдауы үшін эндоцервикалды үлгілерді жинау мен ҚҰРҒАҚ ТҮРДЕ ТАСЫМАЛДАУ жинағы) немесе **BD ProbeTec** ET CT/GC Amplified DNA Assay Collection Kit for Endocervical Specimens (CT/GC күшейтілген ДНҚ талдауы үшін эндоцервикалды үлгілерді жинау құралдарының жинағы), **BD ProbeTec** ET *Chlamydia trachomatis/Neisseria gonorrhoeae* CT/GC Amplified DNA Assay Male Urethral Specimen Collection and DRY TRANSPORT Kit (күшейтілген ДНҚ талдауы үшін ерлердің уретралды үлгісін жинау мен ҚҰРҒАҚ ТҮРДЕ ТАСЫМАЛДАУ жинағы) немесе **BD ProbeTec** ET CT/GC Amplified DNA Assay Collection Kit for Male Urethral Specimens (күшейтілген ДНҚ талдауы үшін ерлердің уретралды үлгісін жинау құралдарының жинағы).

Қажетті, бірақ берілмеген материалдар: 2000 x *g* жылдамдықты центрифуга, шайқағыш, қолғаптар, 1 мл, 2 мл және 4 мл тамшуырлар, ELIMINase, DNA *AWAY* немесе Alconox* бар 1% (көлем/көлем) натрий гипохлориті, аликвотты еріткішті сақтауға ыңғайлы таза ыдыс, таймер және сіңіргіш қағаз, несеп үлгілерін жинауға арналған стерильді қақпақтар.

*200 мл ағартқышты 800 мл жылы сумен араластырыңыз. Alconox құралынан 7,5 г қосып, араластырыңыз. Күнде жаңасын дайындаңыз.

Сақтау және өңдеу талаптары: Реагенттерді 2 – 33°C температурада сақтауға болады. Реагенттердің қораптары ашылмаса, олар жарамдылық мерзіміне дейін бұзылмайды. Дорбасы ашылса, жақсы жабылған жағдайда шағын қуыстар 4 аптаға немесе жарамдылық мерзімінің соңына дейін жарамды болады. Мұздатпаңыз.

Ескертулер мен сақтық шаралары:

Зертханалық жағдайдағы диагностикаға арналған

1. Биологиялық үлгілермен жұмыс істеген кезде, жеке қорғаныс киімін және көз қорғанысын киіңіз.
2. Бұл реагент бумасы **BD ProbeTec** ET System (жүйесімен) эндоцервикалды және ерлердің уретралды жағындысын, ерлер мен әйелдер несебінің үлгісін тексеруге арналған.

3. Эндоцервикалды жағынды үлгілерін жинау үшін, тек **BD ProbeTec** ET *Chlamydia trachomatis/Neisseria gonorrhoeae* (CT/GC) Amplified DNA Assay Endocervical Specimen Collection and DRY TRANSPORT Kit (күшейтілген ДНҚ талдауы үшін эндоцервикалды үлгілерді жинау мен ҚҰРҒАҚ ТҮРДЕ ТАСЫМАЛДАУ жинағы) және **BD ProbeTec** ET CT/GC Amplified DNA Assay Collection Kit for Endocervical Specimens (күшейтілген ДНҚ талдауы үшін эндоцервикалды үлгілерді жинау құралдарының жинағы) мақұлданған.
4. Ерлердің уретралды жағынды үлгілерін жинау үшін, тек **BD ProbeTec** ET *Chlamydia trachomatis/Neisseria gonorrhoeae* CT/GC Amplified DNA Assay Male Urethral Specimen Collection and DRY TRANSPORT Kit (күшейтілген ДНҚ талдауы үшін ерлердің уретралды үлгісін жинау мен ҚҰРҒАҚ ТҮРДЕ ТАСЫМАЛДАУ жинағы) немесе **BD ProbeTec** ET CT/GC Amplified Assay Collection Kit for Male Urethral Specimens (күшейтілген ДНҚ талдау үшін ерлердің уретралды үлгісін жинау құралдарының жинағы) мақұлданған.
5. Несеп үлгілері үшін тек **BD ProbeTec** ET Urine Processing Pouch (несеп өңдеу дорбасы) (UPP), **BD ProbeTec** Urine Preservative Transport (несеп концентратын тасымалдау жинағы) (UPT) және консервантсыз (таза) несепті пайдалануға рұқсат берілген.
6. **BD ProbeTec** несеп концентратын тасымалдау (UPT) жинағында **NAP Guard** (≥ 742,5 мМ K_2EDTA) болады. **NAP Guard** көзді, теріні және тыныс алу жүйесін тітіркендіруі мүмкін. Көзге тиген жағдайда, бірден көзді ашып тұрып, мол сумен жуыңыз және жағымсыз сезім жоғалмаса, медициналық көмекке жүгініңіз. Теріге тиген соң, оны дереу мол сумен және сабынмен жуыңыз. Ауамен жұтып қойған жағдайда, қандай да бір қиындықтар туса, медициналық көмекке жүгініңіз.
7. «Verification and Validation Procedures in the Clinical Microbiology Laboratory» («Клиникалық микробиологиялық зертханалардағы тексеру және мақұлдау») (Cumitech 31, B.L. Elder et al., American Society for Microbiology, Washington D.C., ақпан, 1997 ж.) талабына сәйкес, зертханалар **BD ProbeTec** ET CT/GC assays (талдауларымен) басқа жағынды немесе несеп жинағын және тасымалдау құрылғыларын пайдалануды мақұлдауы мүмкін.
8. Зертханада жағынды болмаған кезде, CT/GC еріткіш түтігін **BD ProbeTec** ET CT/GC Amplified Assay Collection Kits (күшейтілген талдау жинағынан) тексермеңіз. Ол жалған теріс нәтиже беруі мүмкін.
9. Өңделген үлгілерді толтыруға арналған шағын қуыстарға және үлгілерді толтыруға арналған шағын қуыстардан күшейтуге арналған шағын қуыстарға тасымалдау үшін тек **BD ProbeTec** ET Pipettor (тамшуыр-дозаторлары) мен **BD ProbeTec** ET Pipette tips (тамызу ұштарын) пайдаланыңыз.
10. Партия нөмірлері әртүрлі жинақтардың реагенттерін араластырмаңыз немесе ауыстырып алмаңыз.
11. Клиникалық үлгілерде патогендік микро организмдер, соның ішінде гепатит вирустары мен адамның иммунитет тапшылығы вирусы (АИТВ) болуы мүмкін. Қанмен немесе басқа дене сұйықтарымен бүлінген заттарды тазалау үшін «Стандартты сақтық шаралары»[11-14] және клиникалық нұсқаулар орындалуы керек.
12. Қолданылған тамызу ұштарын, үлгі түтіктерін, үлгі толтыруға арналған шағын қуыстар мен басқа да бір рет пайдаланылатын заттарды арнайы зертханалық қоқысқа тастаңыз. Бір рет пайдаланылатын заттарды абайлап тастаңыз. Қоқыс ыдыстарын күнделікті немесе 3/4 бөлігі толған кезде мықтап жауып тастаңыз.
13. **BD ProbeTec** ET Diluent (еріткіші) (CT/GC) мен CT/GC еріткіш түтігінде диметилсульфоксид (DMSO) бар. DMSO тыныс жолына кірсе, жұтылса немесе теріге тисе, зиянды. Көзге тигізіп алмаңыз. Көзге тисе, тез арада мол сумен жуыңыз және медициналық көмекке жүгініңіз. Теріге тисе, дереу мол сумен жуыңыз.
14. Құрамында қолданылмаған толтыруға арналған шағын қуыстар мен күшейтуге арналған шағын қуыстары бар реагент дорбаларын ашқаннан кейін, қайтадан мықтап жабу КЕРЕК. Реагент дорбаларын ашпай тұрып құрғатқыш заттың бар екеніне көз жеткізіңіз.
15. Құрамында күшейтуге арналған шағын қуыстары бар тақтайшаны **BD ProbeTec** ET Priming and Warming Heater (үлгі толтыруға және жылытуға арналған қыздырғыштан) **BD ProbeTec** ET Instrument (құралына) жылжытпай тұрып, күшейтуге арналған шағын қуыстарды герметизация құралымен мықтап жабу КЕРЕК. Күшейту және анықтау реакциясы жабық түрде жақсы жүреді және ол күшейту өнімдерімен құралды және жұмыс орнын бүлдірмеу үшін қажет. **Шағын қуыстардан жабу материалын ешқашан алмаңыз.**
16. Қалдық сұйықтығы (сұйықтықты толтыруға арналған шағын қуыстардан күшейтуге арналған шағын қуыстарға ауыстырған соң) бар үлгі толтыруға арналған шағын қуыстар бүлдіру көзі болып табылады. Толтыруға арналған шағын қуыстарды тастау алдында дұрыстап жабыңыз.
17. Күшейтуге арналған өнімдермен жұмыс орнын бүлдіріп алмас үшін, тексерілген күшейтуге арналған шағын қуыстарды тастағанда, реагент бумасында берілген қоқыс дорбаларын пайдаланыңыз. Тастау алдында дорбалардың мықтап жабылғанын тексеріңіз.
18. **BD ProbeTec** ET дизайны тексеру аймағының күшейтуге арналған заттармен бүлінуін азайтуға арналғандықтан, арнайы жұмыс орындары қажет етілмесе де, бүлінуді, әсіресе өңдеу барысында үлгілердің бүлінуін қадағалайтын басқа да сақтық шараларын орындау қажет.
19. Тыныс алу жолында табылған кейбір гонококк *Neisseria* түріне жатпайтын инфекцияларынан жалған оң нәтиже алынуы мүмкін болғандықтан («Процедура шектеулері», 20-бөлімді қараңыз), реагенттер мен үлгілерді тыныс алу бүріккіштерімен бүлдіріп алмаңыз.
20. Үлгілерде бүліну жағдайы орын алмауы үшін, лизис үлгілері мен бақылау ерітінділерінен қақпақтарын алған және тастаған соң, ҚОЛҒАПТЫ АУЫСТЫРЫҢЫЗ. Қолғапқа үлгі тисе немесе ол ылғалданса, басқа үлгілерді бүлдіріп алмас үшін, қолғапты дереу ауыстырыңыз. Жұмыс орнына кіру және одан шығу алдында қолғапты ауыстырыңыз.
21. Жұмыс орны немесе құрал үлгілермен немесе бақылау ерітінділерімен бүлінген жағдайда, бүлінген аймақты ELIMINase, DNA *AWAY* немесе Alconox қосылған 1% (көлем/көлем) натрий гипохлоритімен мұқият тазалап, жақсылап сумен шайыңыз. Өңдеуді бастамас бұрын, жұмыс орнын әбден құрғатыңыз.
22. Лизис сөресіне шашыраған жағдайда: Ыдысты ELIMINase, DNA *AWAY* немесе Alconox қосылған 1% (көлем/көлем) натрий гипохлоритіне 1 – 2 минут малу қажет болуы мүмкін. 2 минуттан асырмаңыз. Сөрені жақсылап сумен шайып, ашық ауада кептіріңіз.
23. Бүкіл жұмыс орнын – үстелін және басқа беттерін - ELIMINase, DNA *AWAY* немесе Alconox қосылған 1% (көлем/көлем) натрий гипохлоритімен күн сайын тазалап отырыңыз. Жақсылап сумен шайыңыз. Келесі тексеру жұмысын бастау үшін, жұмыс орнын әбден кебу керек.
24. Тазалағанда кетпейтін **BD ProbeTec** ET құралының ішіндегі шашыранды немесе ДНҚ бүлінуі сияқты ерекше жағдай орын алса, техникалық қызмет көрсету орталығына хабарлаңыз.

ҮЛГІНІ ЖИНАУ ЖӘНЕ ТАСЫМАЛДАУ

BD ProbeTec ET System (жүйесі) тиісті жинау әдісін пайдаланып эндоцервикалды жағындылар, ерлердің уретралды жағындылары мен ерлер мен әйелдердің несеп үлгілеріндегі *Chlamydia trachomatis* және *Neisseria gonorrhoeae* инфекцияларын анықтауға арналған.

BD ProbeTec ET Instrument (құралында) тексерілетін жағынды үлгілерін жинауға арналған құралдар:

- **BD ProbeTec** ET *Chlamydia trachomatis/Neisseria gonorrhoeae* (CT/GC) Amplified DNA Assay Endocervical Specimen Collection and DRY TRANSPORT Kit (күшейтілген ДНҚ талдауы үшін эндоцервикалды үлгілерді жинау мен ҚҰРҒАҚ ТҮРДЕ ТАСЫМАЛДАУ жинағы)
- **BD ProbeTec** ET *Chlamydia trachomatis/Neisseria gonorrhoeae* CT/GC Amplified DNA Assay Male Urethral Specimen Collection and DRY TRANSPORT Kit (күшейтілген ДНҚ талдауы үшін ерлердің уретралды үлгісін жинау мен ҚҰРҒАҚ ТҮРДЕ ТАСЫМАЛДАУ жинағы)
- **BD ProbeTec** ET *Chlamydia trachomatis/Neisseria gonorrhoeae (*CT/GC) Amplified DNA Assay Collection Kit for Endocervical Specimens (күшейтілген ДНҚ талдауы үшін эндоцервикалды үлгілерді жинау құралдарының жинағы)
- **BD ProbeTec** ET *Chlamydia trachomatis/Neisseria gonorrhoeae (*CT/GC) Amplified Assay Collection Kit for Male Urethral Specimens (күшейтілген талдауы үшін ерлердің уретралды үлгісін жинау құралдарының жинағы)

АҚШ ішінде және шет елдерге жеткізу үшін, үлгілердің клиникалық үлгілер мен этиологиялық агенттерді/жұқпалы заттарды тасымалдауға қатысты қолданыстағы штаттық, федералдық және халықаралық ережелерге сай жапсырмалары болуы керек. Тасымалдау барысында сақтауға арналған уақыт пен температура жағдайлары сақталуы керек.

Несеп үлгілерін стерильді, пластик, консервантсыз үлгі жинауға арналған ыдысқа жинау керек. Несеп үлгілері үшін тек **BD ProbeTec** ET Urine Processing Pouch (UPP), **BD ProbeTec** Urine Preservative Transport (несеп консервантын тасымалдау жинағы) (UPT) және консервантсыз (таза) несепті пайдалануға рұқсат етілген.

Жағынды үлгілерін жинау

Эндоцервикалды жағынды үлгісін BD ProbeTec ET CT/GC Amplified DNA Assay Endocervical Specimen Collection and DRY TRANSPORT Kit (күшейтілген ДНҚ талдауы үшін эндоцервикалды үлгілерді жинау мен ҚҰРҒАҚ ТҮРДЕ ТАСЫМАЛДАУ жинағы) арқылы жинау:

1. **BD ProbeTec** ET CT/GC Amplified DNA Assay Endocervical Specimen Collection and DRY TRANSPORT Kit (күшейтілген ДНҚ талдауы үшін эндоцервикалды үлгілерді жинау мен ҚҰРҒАҚ ТҮРДЕ ТАСЫМАЛДАУ жинағындағы) жалпақ ұшты тампонмен жатыр мойыншығының кірісінен артық шырышты алып тастаңыз.
2. Эндоцервикалды үлгіні жинау және ҚҰРҒАҚ ТҮРДЕ ТАСЫМАЛДАУ жинағындағы тампонды жатыр мойыншығының арнасына енгізіп, 15 – 30 с бұраңыз.
3. Тампонды ақырын шығарып алыңыз. Жыныс мүшесінің шырышты қабатына тигізіп алмаңыз.
4. Қақпақты/тампонды дереу тасымалдау түтігіне салыңыз. Қақпақтың түтікке мықтап жабылғанын тексеріңіз.
5. Түтікке емделуші туралы мәліметтер мен жиналған күні/уақыты көрсетілген жапсырманы жапсырыңыз.
6. Зертханаға апарыңыз.

Эндоцервикалды жағынды үлгісін BD ProbeTec ET CT/GC Amplified DNA Assay Collection Kit for Endocervical Specimens (күшейтілген ДНҚ талдауы үшін эндоцервикалды үлгілерді жинау жинағы) арқылы жинау:

1. Тазалау тампонын қабынан шығарыңыз.
2. Тазалау тампонымен жатыр мойыншығының кірісіндегі артық шырышты алыңыз.
3. Қолданылған тазалау тампонын қоқысқа **тастаңыз**.
4. Жинау тампонын қабынан алыңыз.
5. Жинау тампонын жатыр мойыншығының арнасына енгізіп, 15 – 30 с бұраңыз.
6. Тампонды ақырын шығарып алыңыз. Жыныс мүшесінің шырышты қабатына тигізіп алмаңыз.
7. CT/GC еріткіш түтігінің қақпағын ашыңыз.
8. Жинау тампонын CT/GC еріткіш түтігіне толығымен енгізіңіз.
9. Тампон сабын сызықты белгі тұсынан сындырыңыз. Ішіндегі сұйықтықты шашыратып алмаңыз.
10. Түтіктің қақпағын **мықтап** жабыңыз.
11 Түтікке емделуші туралы мәліметтер мен жиналған күні/уақыты көрсетілген жапсырманы жапсырыңыз.
12. Зертханаға апарыңыз.

BD ProbeTec ET CT/GC Amplified DNA Assay Male Urethral Collection and DRY TRANSPORT Kit (күшейтілген ДНҚ талдауы үшін ерлердің уретралды үлгісін жинау мен ҚҰРҒАҚ ТҮРДЕ ТАСЫМАЛДАУ жинағы) арқылы ерлердің уретралды жағынды үлгісін жинау:

1. Ерлердің уретралды үлгісін жинау және ҚҰРҒАҚ ТҮРДЕ ТАСЫМАЛДАУ жинағындағы тампонды 2 – 4 см тереңдікке несеп жолына енгізіп, 3 – 5 с бұраңыз.
2. Тампонды шығарып, қақпақты/тампонды тасымалдау түтігіне салыңыз. Қақпақтың түтікке мықтап жабылғанын тексеріңіз.
3. Түтікке емделуші туралы мәліметтер мен жиналған күні/уақыты көрсетілген жапсырманы жапсырыңыз.
4. Зертханаға апарыңыз.

BD ProbeTec ET CT/GC Amplified Assay Collection Kit for Male Urethral Specimens (күшейтілген талдауы үшін ерлердің уретралды үлгісін жинау жинағы) арқылы ерлердің уретралды жағынды үлгісін жинау:

1. Тампонды қабынан алыңыз.
2. Тампонды 2 – 4 см тереңдікке несеп жолына енгізіп, 3 – 5 с бұраңыз.
3. Тампонды шығарыңыз.
4. CT/GC еріткіш түтігінің қақпағын ашыңыз.
5. Тампонды CT/GC еріткіш түтігіне толығымен енгізіңіз.

6. Тампон сабын сызықты белгі тұсынан сындырыңыз. Ішіндегі сұйықтықты шашыратып алмаңыз.
7. Түтіктің қақпағын **мықтап** жабыңыз.
8. Түтікке емделуші туралы мәліметтер мен жиналған күні/уақыты көрсетілген жапсырманы жапсырыңыз.
9. Зертханаға апарыңыз.

Тампондарды сақтау және тасымалдау

Жинап болғаннан кейін эндоцервикалды жағындылар мен ерлердің несеп жолы жағындылары зертханаға жеткізіліп, зертханада және/немесе тексеру орнында 2 – 27°C температурада 4 – 6 күн сақталуы керек. Клиникалық үлгілерді 4 күн ғана, ал іріктелген үлгілерді 6 күнге дейін сақтауға болады. Сонымен қатар іріктелген үлгілерді 2 – 8°C температурада 30 күнге дейін сақтауға болады. «Өнімділік сипаттамалары» бөлімін қараңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Үлгілерді бөлме температурасында (15 – 27°C) бірден тексеретін зертханасына жеткізу мүмкін болмаса, оқшауланған мұзды ыдыс ішінде бір түн немесе 2 күн ішінде жеткізілуі керек.

Өңделетін үлгі түрі	**Әйелдің эндоцервикалды үлгісі**		**Ер адамның уретралды үлгісі**	
Тексеру орнына тасымалдау және сақтау температурасы	2 – 27°C	2 – 8°C	2 – 27°C	2 – 8°C
Үлгіні нұсқаулар бойынша өңдеу	Жиналған соң 4 – 6 күн ішінде	Жиналған соң 30 күн ішінде	Жиналған соң 4 – 6 күн ішінде	Жиналған соң 30 күн ішінде

Несеп үлгісін жинау, сақтау және тасымалдау

Несеп үлгісін стерильді, консервантсыз үлгі жинауға арналған ыдысқа жинаңыз. Несеп үлгілерін екі жолмен сақтауға және тасымалдауға болады: (1) консервантсыз (таза күйінде) және (2) **BD ProbeTec** Urine Preservative Transport (несеп консервантын тасымалдау жинағымен) (UPT). Төмендегі кестеде таза несепті пен UPT жинағымен сақтау және тасымалдау шарттарының жиынтық мәліметін береді.

Өңделетін несеп үлгісінің түрі	**ТАЗА**			**UPT**		
				2 – 30°C температурада сақталған несеп – жиналғаннан кейінгі 8 сағат ішінде UPT жинағына тасымалдау	**2 – 8°C температурада сақталған несеп – жиналғаннан кейінгі 24 сағат ішінде UPT жинағына тасымалдау**	
Тексеру орнына тасымалдау және сақтау температурасы	2 – 30°C	2 – 8°C	-20°C	2 – 30°C	2 – 30°C	-20°C
Үлгіні нұсқаулар бойынша өңдеу	Жиналған соң 30 сағат ішінде	Жиналған соң 7 күн ішінде	Жиналған соң 2 ай ішінде	UPT жинағына жеткізілген соң 30 күн ішінде	UPT жинағына жеткізілген соң 30 күн ішінде	UPT жинағына жеткізілген соң 2 ай ішінде

Консерванты жоқ несеп

Жинау

1. Үлгіні жинау алдында емделуші кемінде 1 сағат несеп шығармаған болу керек.
2. Үлгіні үлгі жинауға арналған стерильді, консервантсыз ыдысқа жинаңыз.
3. Емделуші несеп жинауға арналған ыдысқа бастапқы несептің (ағынның ортаңғы емес, бірінші бөлігі) 15 – 60 мл шамасын жинап беру керек.
4. Ыдысты қақпақпен жауып, емделушінің идентификаторы мен жиналған күнін/уақытын көрсетіңіз.

Сақтау және тасымалдау

1. Таза зәрді жинау орнынан 2 – 30°C температурада сақтаңыз және тасымалдаңыз.
2. Үлгіні өңдеуді 2 – 30°C температурада сақталса 30 сағат ішінде немесе 2 – 8°C температурада сақталса 7 күн ішінде орындау керек.

ЕСКЕРТПЕ: Үлгілерді ішінде мұзы бар оқшауланған контейнерге салып, түн ішінде немесе 2 күн ішінде жеткізу керек. Егілген үлгілерде 2 – 8°C температурада 7 күнге дейін сақтауға болатыны көрсетілді.

BD ProbeTec Urine Preservative Transport Kit (несеп консервантын тасымалдау жинағын) (UPT) пайдалану

Жинау

1. Үлгіні жинау алдында емделуші кемінде 1 сағат несеп шығармаған болу керек.
2. Үлгіні үлгі жинауға арналған стерильді, консервантсыз ыдысқа жинаңыз.
3. Емделуші несеп жинауға арналған ыдысқа бастапқы несептің (ағынның ортаңғы емес, бірінші бөлігі) 15 – 60 мл шамасын жинап беру керек.
4. Ыдысты қақпақпен жауып, емделушінің идентификаторы мен жиналған күнін/уақытын көрсетіңіз.

Несепті UPT жинағына тасымалдау

ЕСКЕРТПЕЛЕР: Зәр 2 – 30°C температурада сақталған болса, зәрді жинау ыдысынан UPT 8 сағат ішінде тасымалдау керек. Зәр 2 – 8°C температурада сақталса, зәрді UPT тасымалдау алдында 24 сағатқа дейін ұстауға болады.

UPT жинағы мен несепті таза қолғаппен ұстаңыз. Қолғапқа үлгі тиіп кетсе, басқа үлгілерді ластамау үшін қолғапты бірден ауыстырыңыз.

1. Емделуші несепті жинап бергеннен кейін, оның ыдысын белгілеңіз.
2. Несеп консервантын тасымалдау жинағын ашып, UPT мен тасымалдау тамшуырын шығарыңыз. UPT жинағында емделушінің идентификаторын және жиналған күнін/уақытын көрсетіңіз.
3. UPT жинағын тігінен ұстап тұрып, түтіктің түбін тегіс бетке соғып қалыңыз, сонда ыдыстың ішіндегі үлкен тамшылар араласу керек. Қажет болса, қайта соғыңыз.
4. UPT қақпағын ашып, несепті тамшуырмен түтікке тасымалдаңыз. Несептің қажетті көлемі қосылу үшін, сұйықтық деңгейі толтыру терезесіндегі UPT жапсырмасының қара сызықтары арасында болу керек. Бұл көлем несептің 2,5 – 3,45 мл шамасына сәйкес келеді. Түтікті шамасынан артық немесе кем ТОЛТЫРМАҢЫЗ.
5. Тасымалдау үшін қолданылған тамшуырды қоқысқа тастаңыз. ЕСКЕРТПЕ: Тасымалдау тамшуыры тек бір үлгіге қолданылады.
6. UPT қақпағын мықтап жабыңыз.
7. Үлгі мен реагент жақсы араласу үшін UPT жинағын 3 – 4 рет төңкеріңіз.

UPT жинағын сақтау және тасымалдау

UPT ішіндегі зәр үлгілерін 2 – 30°C температурада сақтаңыз және тасымалдаңыз және жинағаннан кейін 30 күн ішінде өңдеңіз. -20°C температурада үлгілерді екі айға дейін сақтауға болады.

ТЕКСЕРУ ПРОЦЕДУРАСЫ

Жүйенің құрамдас бөліктерін пайдалану және техникалық қызмет көрсету туралы арнайы нұсқауларды **BD ProbeTec** ET System (жүйесінің) пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз. CT/GC талдауы үшін оңтайлы қоршаған орта жағдайлары 25 – 75% салыстырмалы ылғалдылықта 18 – 23°C екені және 25 – 50% салыстырмалы ылғалдылықта 23 – 28°C екені анықталды. CT/GC талдауын 28°C асатын температураларда орындау ұсынылмайды. Құралды пайдалану туралы арнайы нұсқауларды **BD Viper** құралының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз. **BD Viper** құралын пайдаланып арнайы тексеру процедураларын жүргізу туралы ақпаратты **BD ProbeTec** ET CT/GC assay (талдауының) қосымша парағынан (**BD Viper** құралының пайдаланушы нұсқаулығындағы) қараңыз.

А. Құралды жұмысқа дайындау:

1. Талдауды бастамай тұрып, құралды іске қосып, құралдардың жылынуына уақыт беру керек.
   a. Лизис қыздырғышы мен Алғашқы иммунизация және жылыту қыздырғышының жылынып, тұрақтануына 90 минуттай уақыт қажет.

      Лизис қыздырғышы үшін орнату нүктесі – 114°C.

      Алғашқы иммунизация және жылыту қыздырғышының толтыру компоненті үшін орнату нүктесі – 72,5°C.

      Алғашқы иммунизация және жылыту қыздырғышының жылыту компоненті үшін орнату нүктесі – 54°C.

   ә. **BD ProbeTec** ET instrument (құралын) бағдарламалық құрал басқарады және оның жылынуына 30 минуттай қажет.
2. Талдауды бастамас бұрын қыздырғыштардың температураларын тексеру керек.
   a. Лизис қыздырғышы

      Пластик қапты алып тастап, температура тұрақтанғанша 15 минуттай күтіңіз.

      Термометр 112 – 116°C арасында оқуы керек.

   ә. Алғашқы иммунизация және жылыту қыздырғышы

      Толтыру қыздырғышының термометрі 72 – 73°C арасында оқуы керек.

      Жылыту қыздырғышының термометрі 53,5 – 54,5°C арасында оқуы керек.
3. **BD ProbeTec** ET экранында көрсетілген температураны тексеріңіз. Температура көрсеткіші 47,5 – 55,0°C болуы керек.

Ә. Тамшуыр-дозатор:

BD ProbeTec ET Pipettor (тамшуыр-дозаторы) пернетақтасының функциялары туралы толық түсіндірмені **BD ProbeTec** ET System (жүйесінің) пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

CT/GC талдауларын жасау үшін төмендегі бағдарламалар қажет. 2-бағдарлама CT/GC реагент бумасымен пайдаланылады. Ол өңделген үлгілердегі сұйықтықты CT/GC толтыру шағын қуыстарына тасымалдайды. 3-бағдарлама CT/GC/AC реагент бумасымен пайдаланылады. Ол өңделген үлгілердегі сұйықтықты CT/GC және AC толтыру шағын қуыстарына тасымалдайды. 5-бағдарлама толтыру шағын қуыстарындағы сұйықтықты күшейту шағын қуыстарына тасымалдайды.

Тамшуыр-дозатордың бағдарламасын былай орнатыңыз:

2-бағдарлама:

1. Тамшуыр-дозаторды ҚОСЫҢЫЗ. Тамшуыр-дозатор бір дыбыстық сигналды беріп, «НӨЛ» көрсеткіші мен бағдарламалық құрал нұсқасының нөмірі жыпылықтайды да, қайтадан дыбыстық сигнал беріледі.
2. Көк «Prog (Бағдарлама)» пернесін басыңыз. 2-бағдарламаны таңдау үшін, «2» саны көрсетілгенше «Vol (Көлем)» пернесін басыңыз. Содан кейін «Enter (Енгізу)» пернесін басыңыз.
3. Бағдарлама орнату режиміне кіру үшін «Prog (Бағдарлама)» пернесін басып тұрыңыз. «Prog (Бағдарлама)» пернесін басып тұрып, тамшуырдың ұшымен немесе қағаз қысқышымен Арнайы функция пернесін басыңыз.
4. «Fill (Толтыру)» пернесін басыңыз. **400** саны көрсетілгенше жоғары көрсеткісін басыңыз. «Enter (Енгізу)» пернесін басыңыз.

5. «Disp (Тамызу)» пернесін басыңыз. **150** саны көрсетілгенше жоғары көрсеткісін басыңыз. «Enter (Енгізу)» пернесін басыңыз.
6. «Disp (Тамызу)» пернесін басыңыз. **150** саны көрсетілгенше жоғары көрсеткісін басыңыз. «Enter (Енгізу)» пернесін басыңыз.
7. Бағдарламаны сақтап, шығу үшін «Enter (Енгізу)» пернесін тағы бір рет басыңыз. Бағдарламаның орнатылғанын білдіретін дыбыстық сигнал естілу керек.
8. Әр қадамнан өту үшін, бағдарламаны іске қосу түймесімен растап отырыңыз. Әр қадамнан өткен сайын «Vol (Көлем)» пернесімен алу/тамызу жылдамдығын орнатыңыз. Әр қадамда жылдамдық көрсеткіші көрсетіліп отырады. «Толтыру» және «Тамызу» қадамдарының 2 шаршысы көрсетілу үшін, «Vol (Көлем)» пернесімен жылдамдық көрсеткішін реттеңіз.

3-бағдарлама:

1. Тамшуыр-дозаторды ҚОСЫҢЫЗ. Тамшуыр-дозатор бір дыбыстық сигналды беріп, «НӨЛ» көрсеткіші мен бағдарламалық құрал нұсқасының нөмірі жыпылықтайды да, қайтадан дыбыстық сигнал беріледі.
2. Көк «Prog (Бағдарлама)» пернесін басыңыз. 3-бағдарламаны таңдау үшін, «3» саны көрсетілгенше «Vol (Көлем)» пернесін басыңыз. Содан кейін «Enter (Енгізу)» пернесін басыңыз.
3. Бағдарлама орнату режиміне кіру үшін «Prog (Бағдарлама)» пернесін басып тұрыңыз. «Prog (Бағдарлама)» пернесін басып тұрып, тамшуырдың ұшымен немесе қағаз қысқышымен Арнайы функция пернесін басыңыз.
4. «Fill (Толтыру)» пернесін басыңыз. **600** саны көрсетілгенше жоғары көрсеткісін басыңыз. «Enter (Енгізу)» пернесін басыңыз.
5. «Disp (Тамызу)» пернесін басыңыз. **150** саны көрсетілгенше жоғары көрсеткісін басыңыз. «Enter (Енгізу)» пернесін басыңыз.
6. «Disp (Тамызу)» пернесін басыңыз. **150** саны көрсетілгенше жоғары көрсеткісін басыңыз. «Enter (Енгізу)» пернесін басыңыз.
7. «Disp (Тамызу)» пернесін басыңыз. **150** саны көрсетілгенше жоғары көрсеткісін басыңыз. «Enter (Енгізу)» пернесін басыңыз.
8. Бағдарламаны сақтап, шығу үшін «Enter (Енгізу)» пернесін тағы бір рет басыңыз. Бағдарламаның орнатылғанын білдіретін дыбыстық сигнал естілу керек.
9. Әр қадамнан өту үшін, бағдарламаны іске қосу түймесімен растап отырыңыз. Әр қадамнан өткен сайын «Vol (Көлем)» пернесімен алу/тамызу жылдамдығын орнатыңыз. Әр қадамда жылдамдық көрсеткіші көрсетіліп отырады. «Толтыру» және «Тамызу» қадамдарының 2 шаршысы көрсетілу үшін, «Vol (Көлем)» пернесімен жылдамдық көрсеткішін реттеңіз.

5-бағдарлама:

1. «Prog (Бағдарлама)» пернесін басыңыз. 5-бағдарламаны таңдау үшін, «5» саны көрсетілгенше «Vol (Көлем)» пернесін басыңыз. Содан кейін «Enter (Енгізу)» пернесін басыңыз.
2. Бағдарлама орнату режиміне кіру үшін «Prog (Бағдарлама)» пернесін басып тұрыңыз. «Prog (Бағдарлама)» пернесін басып тұрып, тамшуырдың ұшымен немесе қағаз қысқышымен Арнайы функция пернесін басыңыз.
3. «Fill (Толтыру)» пернесін басыңыз. **100** саны көрсетілгенше жоғары көрсеткісін басыңыз. «Enter (Енгізу)» пернесін басыңыз.
4. «Disp (Тамызу)» пернесін басыңыз. **100** саны көрсетілгенше жоғары көрсеткісін басыңыз. «Enter (Енгізу)» пернесін басыңыз.
5. «Mix (Араластыру)» пернесін басыңыз. **50** саны көрсетілгенше жоғары көрсеткісін басыңыз. «Enter (Енгізу)» пернесін басыңыз.
6. Бағдарламаны сақтап, шығу үшін «Enter (Енгізу)» пернесін тағы бір рет басыңыз. Бағдарламаның орнатылғанын білдіретін дыбыстық сигнал естілу керек.
7. Әр қадамнан өту үшін, бағдарламаны іске қосу түймесімен растап отырыңыз. Әр қадамнан өткен сайын «Vol (Көлем)» пернесімен алу/тамызу/араластыру жылдамдығын орнатыңыз. Әр қадамда жылдамдық көрсеткіші көрсетіліп отырады. Алу және тамызу функцияларының 2 шаршысы көрсетілу үшін, «Vol (Көлем)» пернесімен жылдамдық көрсеткішін реттеңіз. «Vol (Көлем)» пернесімен араластыру жылдамдығын реттеп, 3 шаршыны шығарыңыз.

Бағдарламаны тексеру

Процедураны бастамай тұрып, бағдарламаларды тексеру керек. Бағдарламаларды тексеру үшін тамшуыр-дозаторды ҚОСЫҢЫЗ. Көк «Prog (Бағдарлама)» пернесін басыңыз. Тиісті бағдарлама нөмірі (2, 3 немесе 5) көрсетілгенше, «Vol (Көлем)» пернесін баса беріңіз. «Enter (Енгізу)» пернесін басыңыз. Бағдарлама ішінде бір қадамнан екіншісіне өту үшін тамшуырдың іске қосу түймесін пайдаланыңыз.

2-бағдарлама: Бұл бағдарлама үлгінің 400 мкл шамасын алады; CT шағын қуысына 150 мкл және GC шағын қуысына 150 мкл тамызады. Тамшуыр-дозатордың дисплейінде мынадай мәліметтер көрсетілу керек:

Fill 400 µL - S ▮▮ (400 мкл толтыру - S ▮▮)

Dispense 150 µL - S ▮▮ (150 мкл тамызу - S ▮▮)

Dispense 150 µL - S ▮▮ (150 мкл тамызу - S ▮▮)

3-бағдарлама: Бұл бағдарлама 600 мкл шамасын алады; CT шағын қуысына 150 мкл, GC шағын қуысына 150 мкл және AC шағын қуысына 150 мкл тамызады. Тамшуыр-дозатордың дисплейінде мынадай мәліметтер көрсетілу керек:

Fill 600 µL - S ▮▮ (400 мкл толтыру - S ▮▮)

Dispense 150 µL - S ▮▮ (150 мкл тамызу - S ▮▮)

Dispense 150 µL - S ▮▮ (150 мкл тамызу - S ▮▮)

Dispense 150 µL - S ▮▮ (150 мкл тамызу - S ▮▮)

5-бағдарламаны да дәл солай тексеріңіз:

5-бағдарлама: Бұл бағдарлама 100 мкл шамасын алады; 100 мкл тамызады және 3 рет 50 мкл шамасын араластырады. Тамшуыр-дозатордың дисплейінде мынадай мәліметтер көрсетілу керек:

Fill 100 µL - S ▮▮ (100 мкл толтыру - S ▮▮)

Dispense 100 µL - S ▮▮ (100 мкл тамызу - S ▮▮)

Mix 50 µL - S ▮▮▮ (50 мкл араластыру - S ▮▮▮)

Zero (Нөл) (жанып-өшеді)

Б. Plate Layout (Пластинадағы орналасу):

Жүйеге талдау түрі, үлгінің идентификаторы, бақылау ерітіндісі партиясының нөмірлері және жинақ партиясының нөмірлері енгізілгеннен кейін **BD ProbeTec** ET instrument (құралынан) Plate Layout (Пластинадағы орналасу) есебі шығарылады. Plate Layout (Пластинадағы орналасу) есебі тексерілетін әр пластина үшін үлгілер мен бақылау ерітінділерінің физикалық орналасуын көрсетеді. Жүйенің бағдарламалық құралы белгілі бір талдауға қажетті қуыстар үшін жақын тұрған пластиналардың орындарын топтастырады. CT/GC күшейтілген ДНҚ талдауында бағандар былай тағайындалады: CT/GC. CT/GC/AC күшейтілген талдауында бағандар былай тағайындалады: CT/GC/AC. Бұл бағдар Толтыру шағын қуысы мен Күшейту шағын қуысы пластинасының екеуіне де қолданылады.

Толтыру шағын қуыстары — бірыңғай түсті қуыс жолдары (CT - бірыңғай жасыл; GC - бірыңғай сары; AC - бірыңғай қара (қолданылса)).

Күшейту шағын қуыстары — жолақты қуыс жолдары (CT - жолақты жасыл; GC - жолақты сары; AC - жолақты қара (қолданылса)).

В. Жағындыны өңдеу:

Тампон үлгілерін 2 – 27°C температурасында сақталса жинағаннан кейін 4-6 күн ішінде немесе 2 – 8°C температурасында сақталса 30 күн ішінде өңдеу керек.

ЕСКЕРТПЕ: Жағындылар мен CT/GC еріткіш түтіктерін пайдалану алдында бөлме температурасына дейін жылыту керек.

BD ProbeTec ET CT/GC күшейтілген ДНҚ талдауының эндоцервикалды үлгі жинау және ҚҰРҒАҚ КҮЙІНДЕ ТАСЫМАЛДАУ жинағымен немесе BD ProbeTec ET CT/GC күшейтілген ДНҚ талдауының ерлердің уретралды үлгісін жинау және ҚҰРҒАҚ КҮЙІНДЕ ТАСЫМАЛДАУ жинағымен жиналған жағындыларға арналған өңдеу процедурасы:

1. Өңделетін әрбір жағынды үлгісі үшін CT/GC еріткіш түтігін белгілеңіз.
2. Түтіктің қақпағын ашып, жағындыны салыңыз. 5 – 10 секундтай араластырыңыз.
3. Сұйықтық қайтадан түтіктің түбіне қарай ағып кететіндей етіп үлгі жағындысын түтіктің ішкі қабырғасына шығарыңыз.
4. Жағындыны шашыратпай, ақырын төгіңіз.

   ЕСКЕРТПЕ: Шашырап кетсе, жұмыс орны ластануы мүмкін.
5. Жағындыны тасымал түтігіне салып, қоқысқа тастаңыз.
6. CT/GC еріткіш түтігінің қақпағын мықтап жабыңыз.
7. Түтікті 5 секунд шайқаңыз.
8. Plate Layout (Пластинадағы орналасу) есебіне қарап, түтікті лизис сөресіндегі орнына салыңыз.
9. Басқа жағынды үлгілері үшін 1 – 8 қадамдарын қайталаңыз.
10. Үлгілерді лизис сөресіндегі орындарына бекітіңіз.
11. Үлгілер лизис үрдісіне дайын.

ЕСКЕРТПЕ: Не болмаса, бірнеше түтікті шайқағыш бар болса, 7-қадамды орындамай, 10-қадамнан кейін және лизис үрдісі алдында бүкіл лизис сөресін 15 – 20 с шайқаңыз.

ЕСКЕРТПЕ: Өңделген, бірақ әлі лизис қосылмаған үлгілерді бөлме температурасында 6 сағатқа дейін немесе түнде 2 – 8°C температурасында сақтауға болады.

Эндоцервикалды үлгілерді жинауға арналған BD ProbeTec ET CT/GC Amplified DNA Assay Collection Kit for Endocervical Specimens (күшейтілген ДНҚ талдау жинағымен) немесе Ерлердің уретралды үлгісін жинауға арналған BD ProbeTec ET CT/GC Amplified DNA Assay Collection Kit for Male Urethral Specimens (күшейтілген ДНҚ талдауы жинағымен) жиналған жағындыларға арналған өңдеу процедурасы:

1. CT/GC еріткіш түтігін 5 с шайқаңыз.

   ЕСКЕРТПЕ: Не болмаса, бірнеше түтікті шайқағыш бар болса, 2 және 3-қадамды орындап, 15 – 20 с бойы бүкіл лизис сөресін шайқаңыз да, 4-қадамға өтіңіз.
2. Plate Layout (Пластинадағы орналасу) есебіне қарап, үлгі мен бақылау түтіктерін лизис сөресіндегі орнына салыңыз.
3. Үлгілерді лизис сөресіндегі орындарына бекітіңіз.
4. Үлгілер лизис үрдісіне дайын.

Г. Несепті өңдеу:

Консерванты жоқ несеп үлгілерін өңдеу процедурасы

Таза зәр үлгілерін 2 – 30°C температурасында сақталса, жинағаннан кейін 30 сағат ішінде өңдеуге, 2 – 8°C температурасында сақталса жинағаннан кейін 7 күн ішінде және -20°C температурасында сақталса, жинаған күннен кейін 2 ай ішінде өңдеуге болады.

ЕСКЕРТПЕЛЕР

BD ProbeTec ET Diluent (еріткішін) (CT/GC) пайдалану алдында бөлме температурасына дейін жылыту керек.

BD ProbeTec ET Diluent (еріткішінің) (CT/GC) қажетті шамасын таза контейнерге құйып алыңыз. Қажетті шаманы анықтау үшін үлгілердің санын екіге көбейтіп, тамызуды жеңілдету үшін қажетті 1 – 2 мл шамасын қосыңыз. **Еріткіш ластанбауы үшін қалған еріткішті қайтадан бөтелкеге құймаңыз.**

1. Өңделетін әрбір несеп үлгісіне арналған бос **BD ProbeTec** ET Sample Tube (үлгі түтігін) белгіленіз.
2. Контейнерді шайқап, несепті араластырыңыз да, қақпақты ақырын ашыңыз.

   ЕСКЕРТПЕ: Жұмыс орны шашырандылармен және тамшылармен ластанбауы үшін қақпақты ақырын ашыңыз.

   ЕСКЕРТПЕ: Қатырылған несеп үлгілерін түтікке құймас бұрын, еріту және жақсылап араластыру қажет.
3. Несептің 4,0 л шамасын сәйкесінше белгіленген түтікке тамызып, қақпағын мықтап жабыңыз.
4. Басқа консерванты жоқ несеп үлгілері үшін 2 – 3 қадамдарын қайталаңыз. Әр үлгіге жаңа тамшуыр немесе тамшуыр ұшын қолданыңыз.
5. Үлгі түтіктерін **BD ProbeTec** ET Lysing Rack (лизис сөресіне) салыңыз.
6. Лизис сөресін лизис қыздырғышына салып, үлгілерді жылытып алыңыз.
7. Үлгілерді 10 минуттай жылытыңыз.
8. 10 минуттан кейін лизис сөресін лизис қыздырғышынан шығарып, түтіктерді бөлме температурасында кем дегенде 15 минут, ең ұзағы 6 сағат суытыңыз.

   ЕСКЕРТПЕ: 10 минуттық қыздырудан кейін үлгі түтіктерін тоңазытқышқа салмаңыз.
9. Түтіктерді 2000 x *g* жылдамдықпен 30 минут центрифугадан өткізіңіз.
10. Болғанда, түтіктерді абайлап центрифугадан шығарыңыз.
11. Бірінші түтіктің қақпағын ашып, тұнбаның үстіндегі сұйықтықты төгіп тастаңыз. Бір рет сілкіп жіберіп, түтікте қалған сұйықтықты да төгіп тастаңыз.

    ЕСКЕРТПЕ: Бұл өте қажетті қадам — артық үлгінің қалуы үрдісті бәсеңдетуі мүмкін. Қалған несепті толық шығару үшін, түтіктерді сіңіргіш қағаздың бөлек парақтарымен жеке-жеке сүртіп алуға болады.
12. Қақпақты түтіктің үстіне бос етіп қойыңыз.
13. Центрифугадан өткен әрбір несеп үлгісіне 11 – 12 қадамдарын қайталаңыз.
14. Әр түтікке еріткіштің 2,0 мл шамасын тамызыңыз. Әр түтікке жаңа тамшуырды немесе тамшуыр ұшын қолданыңыз.
15. Тұнбаны еріткіште толықтай қайта еріту үшін үлгілердің қақпағын мықтап жауып, 5 секундтай шайқаңыз.
16. Үлгілер лизис үрдісіне дайын.

ЕСКЕРТПЕ: Өңделген, бірақ әлі лизис қосылмаған үлгілерді бөлме температурасында 6 сағатқа дейін немесе түнде 2 – 8°C температурасында сақтауға болады.

BD ProbeTec Urine Preservative Transport Kit (несеп концентратын тасымалдау жинағы) (UPT) арқылы жиналған несеп үлгілерін өңдеу процедурасы

ЕСКЕРТПЕЛЕР

UPT үлгілерін 2 – 30°C температурасында сақтауға жинағаннан кейін 30 күн ішінде өңдеуге немесе -20°C температурасында қатқан күйде сақтауға және жинағаннан кейін 2 ай ішінде өңдеуге болады.

BD ProbeTec ET Diluent (еріткішін) (CT/GC) пайдалану алдында бөлме температурасына дейін жылыту керек.

BD ProbeTec ET Diluent (еріткішінің) (CT/GC) қажетті шамасын таза контейнерге құйып алыңыз. Қажетті шаманы анықтау үшін үлгілердің санын екіге көбейтіп, тамызуды жеңілдету үшін қажетті 1 – 2 мл шамасын қосыңыз. **Еріткіш ластанбауы үшін қалған еріткішті қайтадан бөтелкеге құймаңыз.**

Әр түтіктегі несептің көлемі оның жапсырмасында көрсетілген сызықтардың арасында екеніне көз жеткізіңіз. Түтікті қажетті шамасына жеткізбесе немесе артық толтырса, талдау нәтижесіне әсер етуі мүмкін.

1. UPT түтіктерін **BD ProbeTec** ET Lysing Rack (лизис сөресіне) салыңыз.

   ЕСКЕРТПЕ: Үлгілер қатып тұрған болса, қыздыру алдында оларды толық ерітіп, төңкеріп араластырыңыз.
2. Лизис сөресін лизис қыздырғышына салып, үлгілерді жылытып алыңыз.
3. Үлгілерді 10 минуттай жылытыңыз.
4. 10 минуттан кейін лизис сөресін лизис қыздырғышынан шығарып, түтіктерді бөлме температурасында кем дегенде 15 минут, ең ұзағы 6 сағат суытыңыз.

   ЕСКЕРТПЕ: 10 минуттық қыздырудан кейін үлгі түтіктерін тоңазытқышқа салмаңыз.
5. Түтіктерді 2000 x *g* жылдамдықпен 30 минут центрифугадан өткізіңіз.
6. Болғанда, түтіктерді абайлап центрифугадан шығарыңыз.
7. Бірінші UPT қақпағын ашып, тұнбаның үстіндегі сұйықтықты төгіп тастаңыз. Бір рет сілкіп жіберіп, түтікте қалған сұйықтықты да төгіп тастаңыз, содан кейін түтікті сіңіргіш қағаздың бөлек парағымен сүртіп алыңыз.
8. Қақпақты түтіктің үстіне бос етіп қойыңыз.
9. Центрифугадан өткен әрбір несеп үлгісіне 7 – 8 қадамдарын қайталаңыз.
10. Әр түтікке еріткіштің 2,0 мл шамасын тамызыңыз. Әр түтікке жаңа тамшуырды немесе тамшуыр ұшын қолданыңыз.
11. Тұнбаны еріткіште толықтай қайта еріту үшін UPT түтіктерінің қақпағын мықтап жауып, 5 секундтай шайқаңыз.
12. Үлгілер лизис үрдісіне дайын.

    ЕСКЕРТПЕ: Өңделген, бірақ әлі лизис қосылмаған үлгілерді бөлме температурасында 6 сағатқа дейін немесе түнде 2 – 8°C температурасында сақтауға болады.

Д. Сапаны бақылауға дайындау:

ЕСКЕРТПЕ: BD ProbeTec ET (CT/GC) Controls and Diluent (бақылау ерітінділері мен еріткішті) пайдалану алдында бөлме температурасына дейін жылыту керек.

1. Тексерілетін әрбір пластина үшін жаңа CT/GC теріс бақылау түтігі мен CT/GC оң бақылау түтігін дайындаңыз. Пластинада реагент бумасының бірнеше партиялық нөмірі тұрса, бақылау ерітінділерін әр партиямен тексеріп шығу керек.
2. CT/GC теріс бақылау түтігінің қақпағын ашыңыз. Жаңа тамшуыр ұшы немесе жаңа тамшуырмен еріткіштен 2,0 мл қосыңыз.
3. Түтіктің қақпағын жауып, 5 с шайқаңыз.
4. CT/GC оң бақылау түтігінің қақпағын ашыңыз. Жаңа тамшуыр ұшы немесе жаңа тамшуырмен еріткіштен 2,0 мл қосыңыз.
5. Түтіктің қақпағын жауып, 5 с шайқаңыз.
6. Бақылау ерітінділері лизис үрдісіне дайын.

Е. Үлгілерді және бақылау ерітінділерін лизистеу

1. Лизис сөресін лизис қыздырғышына салыңыз.
2. Үлгілерді 30 минуттай жылытыңыз.
3. 30 минуттан кейін лизис сөресін лизис қыздырғышынан шығарып, бөлме температурасында кемінде 15 минут суытыңыз.

   ЕСКЕРТПЕ: Үлгілерді лизистеп болғаннан кейін:

   а. Оларды 18 – 30°C температурасында 6 сағатқа дейін сақтауға болады және қайта лизис қосусыз сынауға болады.

   ә. Оларды 2 – 8°C температурада 5 күнге дейін сақтауға болады. Тексеру алдында үлгілерді шайқау және қайтадан лизистеу қажет.

   б. Оларды -20°C температурада 98 күнге дейін сақтауға болады. Тексеру алдында үлгілерді бөлме температурасында еріту, шайқау және қайтадан лизистеу қажет. Лизистелген үлгілерді екі рет қатырып, ерітуге болады

Н.1 CT/GC реагент жинағымен жасалатын сынақ процедурасы

ЕСКЕРТПЕ: пайдаланбай тұрып, толтыруға және күшейтуге арналған шағын түтіктерді бөлме температурасына дейін жылыту керек.

1. **BD ProbeTec** ET CT/GC Amplified DNA Assay Endocervical Specimen Collection and DRY TRANSPORT Kit (күшейтілген ДНҚ талдауына арналған эндоцервикалды сынамалар жиынтығы және ҚҰРҒАҚ ТАСЫМАЛДАУ ыдыстарының жиынтығымен) немесе **BD ProbeTec** ET CT/GC Amplified DNA Assay Male Urethral Specimen Collection and DRY TRANSPORT Kit (күшейтілген ДНҚ талдауына арналған ерлер кіші дәреті сынамалар жиынтығы және ҚҰРҒАҚ ТАСЫМАЛДАУ ыдыстарының жиынтығымен) жиналған үлгілер үшін ерітілген және салқындатылған үлгілер мен бақылаулардың қақпақтарын шешіңіз және қоқысқа тастаңыз.
2. **BD ProbeTec** ET CT/GC Amplified DNA Assay Collection Kit for Endocervical Specimens (күшейтілген ДНҚ талдауларын жинау жиынтығымен) алынған эндоцервикалды үлгілердің немесе **BD ProbeTec** ET CT/GC Amplified DNA Assay Collection Kit for Male Urethral Specimens (күшейтілген ДНҚ талдауларын жинау жиынтығымен) алынған ер адамдардың уретралық үлгілерінің жағындылары үшін келесі қадамдарды орындаңыз:

   а. Түтіктің қақпағын ашып, артық сұйықтықты шығару үшін, жағындыны түтіктің жиегіне жайлап басыңыз.

   ә. Қақпақты/тампонды түтіктің ішінен тартып шығарыңыз. Тамшылардың шашырауын болдырмау үшін, түтіктің іргесін баспаңыз, бұл айқас ластануға алып келуі мүмкін.

   б. Қақпақты/тампонды лақтырыңыз.
3. Өңделген несеп үлгілерінің түтік қақпағын ашып, қақпақты лақтырыңыз.
4. Ластануды болдырмау үшін, **қолғаптарыңызды** ауыстырыңыз.
5. «Plate Layout Report» (Тақтайшаның орналасу есебін) пайдаланып толтырылатын тақтайшаны дайындаңыз. **Тақтайшаның ішіне Толтыруға арналған шағын түтіктерді төменде көрсетілген ретпен орналастыру керек:** CT (қатты жасыл шағын түтіктер), содан кейін GC (қатты сары шағын түтіктер). Тақтайша «Plate Layout Report» (Тақтайшаның орналасу есебінде) көрсетілгендей реттелгенше қайталаңыз.
6. Шағын түтік қалталаның төменде көрсетілгендей қайта жабыңыз.

   а. Қалтаны тегіс бетке орналастырыңыз. Ашық ұшын қолыңызбен біртекті ұстап тұрыңыз.

   ә. Қысым түсіре отырып, саусағыңызбен қалтаның бекітпесін бір ұштан екінші ұшына дейін сырғытыңыз.

   б. Қалтаның жақсы жабылғанын тексеріңіз.
7. **BD ProbeTec** ET Pipettor (тамшуыр) құралында «**Program 2**» (2-бағдарламаны) таңдаңыз.
8. Тамызу ұштарын көтеріңіз. Ажырату тетігін толығымен сыртқа тарту арқылы тамшуыр құралын шығарыңыз.

   ЕСКЕРТПЕ: сұйықтықтың ағуын болдырмау үшін, ұштардың тамшуыр құралында берік орнатылғанын тексеріңіз.
9. Үлгілердің 1-бағанынан 400 мкл сұйықтық сорғызыңыз.
10. Тамшуыр құралын жайлап түсіріңіз, содан кейін тамызу ұштарын түтіктердің жиегіне тигізіп, Толтыруға арналған шағын түтіктердің тиісті 2 бағанының (1 A-H; 2 A-H) әр қайсына150 мкл тамызыңыз.

    ЕСКЕРТПЕ: тамшуыр ұшын үлгілердің немесе шағын түтіктердің үстіне түсірмеңіз, бұл ластануға алып келуі мүмкін. Қауырт қозғалу нәтижесінде сұйықтық тамуы не себілуі мүмкін.

    ЕСКЕРТПЕ: дәлдік пен нақтылықты қамтамасыз ету және айқас ластануды болдырмау үшін, сұйықтықтарды шағын түтіктердің ішкі қабырғасының бойымен тамызу маңызды болып табылады.
11. Ұштарды қоқысқа тастаңыз. Тамшуыр құралын бастапқы қалпына келтіру үшін, ысырманы босатыңыз.

    ЕСКЕРТПЕ: жұмыс аймағының ластануына себеп болуы мүмкін тамшылау мен себілулерді болдырмау үшін, ұштарды абайлап тастаңыз.

12. Жаңа үлгілерді көтеріп, үлгілердің 2-бағанынан 400 мкл сұйықтық сорғызыңыз.
13. Тамшуыр құралын жайлап түсіріңіз, содан кейін тамызу ұштарын түтіктердің жиегіне тигізіп, Толтыруға арналған шағын түтіктердің тиісті 2 бағанының (3 A-H; 4 A-H) әр қайсына150 мкл тамызыңыз.
14. Ұштарды қоқысқа тастаңыз.
15. Сынақтың қалған үлгілерін тасымалдауды жалғастырыңыз.
16. Толтыруға арналған шағын түтік тақтайшасын толтыру қақпағымен жауып, тақтайшаны бөлме температурасында шамамен 20 минуттай инкубациялаңыз. (Ең көбі 6 сағат инкубациялауға болады.)

    ЕСКЕРТПЕ: үлгі түтіктерін ұстау үшін, өңделген үлгілерді жаңа қақпақтармен жабыңыз.
17. Толтыру инкубациясы аяқталғанда, күшейту тақтайшасын дайындаңыз. Тақтайшадағы Күшейтуге арналған шағын түтіктерді «Plate Layout Report» (Тақтайшаның орналасу есебіне) сәйкес реттеңіз (толтыру тақтайшасымен бірдей). Шағын түтік қалталарын 6-қадамда көрсетілгендей қайта жабыңыз.
18. Толтыруға арналған шағын түтік тақтайшасының қақпағын ашыңыз да, тақтайшаны толтыру қыздырғышына салыңыз. Күшейтуге арналған шағын қуыс тақтайшасын **ДЕРЕУ** жылыту қыздырғышына салып, алдын ала жылытып алыңыз.
19. **Таймерді 10 минутқа қойыңыз (ЕСКЕРТПЕ: бұл қадамда көрсетілген уақытты қадағалау өте маңызды.)**
20. 10 минуттік (+/– 1 мин) инкубациядан кейін, тамшуыр құралындағы «**Program 5**» (5-бағдарламаны) таңдаңыз.
21. Ұштарды алып, Толтыруға арналған шағын қуыс тақтайшасының 1-бағанынан 100 мкл сұйықтықты Күшейтуге арналған шағын қуыс тақтайшасының 1-бағанына тасымалдаңыз. Тамызу ұштарын түтіктердің жиегіне тигізіп, сұйықтықты тамызыңыз. Тамызғаннан кейін, тамшуыр ұшына түтіктердегі сұйықтықты автоматты түрде араластыруына мүмкіндік беріңіз. Тамшуыр құралын тақтайшадан абайлап көтеріп шығарыңыз. Басқа түтіктерге тиіп кетуін болдырмаңыз.
22. Ұштарды қоқысқа тастаңыз. Жаңа ұштарды көтеріңіз де, Толтыруға арналған шағын түтіктердегі реакция қоспасын Күшейтуге арналған шағын түтіктерге әр бағандағы жаңа ұштарды пайдаланып, баған бойынша тасымалдауды жалғастырыңыз.
23. Соңғы баған тасымалданған соң, Күшейтуді герметизациялау құралының астарын шығарыңыз (түтіктермен 6 не одан аз баған толтырылған болса, құралдың астарының жартысын, ал егер 7 не одан көп баған толтырылған болса, астарды толығымен шығарыңыз). Герметизациялау құралын тақтайшаның үстінен жиектері мен ортасынан ұстаңыз. Герметизациялау құралының ортасын анықтау үшін жылыту қыздырғышының нұсқауларын қараңыз. Герметизациялау құралы шағын түтіктердің үстінде тақтайшаны екі шетінен де қамтиды. Барлық шағын түтіктер толығымен буылғанын қамтамасыз ету үшін, герметизациялау құралын төмен қарай итеріп басыңыз.
24. **BD ProbeTec** ET пайдаланушы интерфейсіндегі ұстағышты шығарып, есікті ашыңыз. **Бекітілген** күшейтуге арналған шағын түтік тақтайшасын **BD ProbeTec** ET Instrument (құралына) **ДЕРЕУ** (30 с ішінде) тасымалдаңыз да, сынақта бастаңыз. (Толық нұсқауларды **BD ProbeTec** ET System (жүйесінің) пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.)
25. Тексеруді бастағаннан кейін тазалау процедурасының келесі бөлігін орындаңыз:
    а. Толтыруға арналған шағын түтіктерді Күшейтуді герметизациялау құралымен буыңыз да, тақтайшаны Алғашқы иммунизация және жылыту қыздырғышынан шығарыңыз.

       АБАЙЛАҢЫЗ! температура деңгейі 70°C градустан асады. Тақтайшаны шығару үшін, ыстыққа төзімді қолғапты пайдаланыңыз.
    ә. Тақтайшаны зертхана үстеліне қойып, 5 минуттай суытыңыз.
    б. Буылған толтыруға арналған шағын түтіктерді тақтайшадан бекітпесінің үстіңгі және төменгі бөлігінен ұстау және түтіктерді бір жинақ ретінде барлығын бірге көтеру арқылы шығарыңыз. Шағын түтіктерді қоқыс дорбасына салыңыз да, аузын жабыңыз.
    в. Темір тақтайшаны тазалау:

       Тақтайшаны ELIMINase, DNA *AWAY* ерітінділерімен немесе Alconox ерітіндісі бар 1% (көлем/көлем) натрий гипохлоритімен шайыңыз.

       Содан кейін, сумен шайып жіберіңіз.

       Тақтайшаны таза сүлгіге орап, толығымен кептіріп алыңыз.
26. Сынақ аяқталғанда, оның нәтижелері басып шығарылады.
27. Тақтайша ұстағышын сатыдан шығарып, есікті ашыңыз да, тақтайшаны шығарыңыз. Есікті жауып, тақтайша сатысын құралдың ішіне қайта орнатыңыз.
28. Буылған күшейтуге арналған шағын түтіктерді тақтайшадан шығарыңыз. **ЕСКЕРТУ: шағын түтіктерден жабу материалын алмаңыз.** Буылған шағын түтіктерді бекітпесін үстіңгі және төменгі бөлігінен ұстау және бір жинақ ретінде барлығын бірге тақтайшадан көтеру арқылы оңай шығаруға болады. Буылған шағын түтіктерді қоқыс дорбасына салыңыз. Дорбаның аузын бекітіңіз.
29. Темір тақтайшаны тазалау:

    Тақтайшаны ELIMINase, DNA *AWAY* ерітінділерімен немесе Alconox ерітіндісі бар 1% (көлем/көлем) натрий гипохлоритімен шайыңыз.

    Содан кейін, сумен шайып жіберіңіз.

    Тақтайшаны таза сүлгіге орап, толығымен кептіріп алыңыз.
30. Күннің соңғы сынағы жасалғаннан кейін, келесі тазалау процедурасын орындаңыз:
    а. Қағаз сүлгілерді немесе дәке таңғыштарды ELIMINase, DNA *AWAY* ерітіндісіне немесе Alconox ерітіндісі бар 1% (көлем/көлем) натрий гипохлоритіне малып, лизис қыздырғышының, Алғашқы иммунизация және жылыту қыздырғышының, **BD ProbeTec** ET Instrument (құралының) үстіңгі, сыртқы бетін сүртіңіз. Ерітінді құралдың бетінде 2 – 3 минут тұрсын. Содан кейін қағаз сүлгілерді немесе дәке таңғыштарды суға малып, тазалау ерітіндісін сүртіп тастаңыз. Тазалау ерітінділерін қолдану және сумен шаю кезінде сүлгілер мен таңғыштарды жиі ауыстырып тұрыңыз. Қағаз сүлгілерді немесе дәке таңғыштарды ELIMINase, DNA *AWAY* ерітінділерімен немесе Alconox ерітіндісі бар 1% (көлем/көлем) натрий гипохлоритіне малып, тамшуыр-дозатордың тұтқасын

сүртіңіз (**ТЕК ТҰТҚАСЫН**). 2 – 3 минуттан кейін, тұтқаны суға малынған қағаз сүлгі немесе дәке таңғышпен сүртіңіз.

ә. Лизис ыдысын, лизис ыдысының негізін, лизис ыдысының қақпағын және тақтайшаларды ELIMINase, DNA *AWAY* ерітіндісіне немесе Alconox ерітіндісі бар 1% натрий гипохлоритіне 1 – 2 минутқа салыңыз. Жақсылап сумен шайыңыз да, кептіріңіз.

б. Тамшуыр құралын қайта зарядтаңыз.

в. Буылған қоқыс дорбасын және биологиялық қауіпті дорбаны ластанған биологиялық қоқыс материалдарын тастау үшін белгіленген процедураларға сәйкес тастаңыз.

Н.2. CT/GC/AC реагент жинағымен жасалатын сынақ процедурасы

ЕСКЕРТПЕ: пайдаланбай тұрып, толтыруға және күшейтуге арналған шағын түтіктерді бөлме температурасына дейін жылыту керек.

1. **BD ProbeTec** ET CT/GC Amplified DNA Assay Endocervical Specimen Collection and DRY TRANSPORT Kit (күшейтілген ДНҚ талдауына арналған эндоцервикалды сынамалар жиынтығы және ҚҰРҒАҚ ТАСЫМАЛДАУ ыдыстарының жиынтығымен) немесе **BD ProbeTec** ET CT/GC Amplified DNA Assay Male Urethral Specimen Collection and DRY TRANSPORT Kit (күшейтілген ДНҚ талдауына арналған ерлер кіші дәреті сынамалар жиынтығы және ҚҰРҒАҚ ТАСЫМАЛДАУ ыдыстарының жиынтығымен) жиналған үлгілер үшін ерітілген және салқындатылған үлгілер мен бақылаулардың қақпақтарын шешіңіз және қоқысқа тастаңыз.
2. **BD ProbeTec** ET CT/GC Amplified DNA Assay Collection Kit for Endocervical Specimens (күшейтілген ДНҚ талдауларын жинау жиынтығымен) алынған эндоцервикалды үлгілердің немесе **BD ProbeTec** ET CT/GC Amplified DNA Assay Collection Kit for Male Urethral Specimens (күшейтілген ДНҚ талдауларын жинау жиынтығымен) алынған ер адамдардың уретралық үлгілерінің жағындылары үшін келесі қадамдарды орындаңыз:
   а. Түтіктің қақпағын ашып, артық сұйықтықты шығару үшін, жағындыны түтіктің жиегіне жайлап басыңыз.
   ә. Қақпақты/тампонды түтіктің ішінен тартып шығарыңыз. Тамшылардың шашырауын болдырмау үшін, түтіктің іргесін баспаңыз, бұл айқас ластануға алып келуі мүмкін.
   б. Қақпақты/тампонды лақтырыңыз.
3. Өңделген несеп үлгілері бар түтіктің қақпағын ашып, қақпақты лақтырыңыз.
4. Ластануды болдырмау үшін, **қолғаптарыңызды** ауыстырыңыз.
5. «Plate Layout Report» (Тақтайшаның орналасу есебін) пайдаланып толтырылатын тақтайшаны дайындаңыз. **Тақтайшаның ішіне Толтыруға арналған шағын түтіктерді төменде көрсетілген ретпен орналастыру керек:** CT (қатты жасыл шағын түтіктер), содан кейін GC (қатты сары шағын түтіктер) және AC (қатты қара шағын түтіктер). Тақтайша «Plate Layout Report» (Тақтайшаның орналасу есебінде) көрсетілгендей реттелгенше қайталаңыз.
6. Шағын түтік қалталарын төменде көрсетілгендей қайта жабыңыз.
   а. Қалтаны тегіс бетке орналастырыңыз. Ашық ұшын қолыңызбен біртекті ұстап тұрыңыз.
   ә. Қысым түсіре отырып, саусағыңызбен қалтаның бекітпесін бір ұштан екінші ұшына дейін сырғытыңыз.
   б. Қалтаның жақсы жабылғанын тексеріңіз.
7. **BD ProbeTec** ET Pipettor (тамшуыр) құралында «**Program 3**» (3-бағдарламаны) таңдаңыз.
8. Тамызу ұштарын көтеріңіз. Ажырату тетігін толығымен сыртқа тарту арқылы тамшуыр құралын шығарыңыз.

   ЕСКЕРТПЕ: сұйықтықтың ағуын болдырмау үшін, ұштардың тамшуыр құралында берік орнатылғанын тексеріңіз.
9. 1-үлгі бағанынан 600 мкл сұйықтық сорғызыңыз.
10. Тамшуыр құралын жайлап түсіріңіз, содан кейін тамызу ұштарын түтіктердің жиегіне тигізіп, Толтыруға арналған шағын түтіктердің тиісті 3 бағанының (1 A-H; 2 A-H; 3 A-H) әр қайсына 150 мкл тамызыңыз.

    ЕСКЕРТПЕ: тамшуыр ұшын үлгілердің немесе шағын түтіктердің үстіне түсірмеңіз, бұл ластануға алып келуі мүмкін. Қауырт қозғалу нәтижесінде сұйықтық тамуы не себілуі мүмкін.

    ЕСКЕРТПЕ: дәлдік пен нақтылықты қамтамасыз ету және айқас ластануды болдырмау үшін, сұйықтықтарды шағын түтіктердің ішкі қабырғасының бойымен тамызу маңызды болып табылады.
11. Ұштарды қоқысқа тастаңыз. Тамшуыр құралын бастапқы қалпына келтіру үшін, ысырманы босатыңыз.

    ЕСКЕРТПЕ: жұмыс аймағының ластануына себеп болуы мүмкін тамшылау мен себілулерді болдырмау үшін, ұштарды абайлап тастаңыз.
12. Жаңа ұштарды көтеріп алып, 2-үлгі бағанынан 600 мкл сұйықтық сорғызыңыз.
13. Тамшуыр құралын жайлап түсіріңіз, содан кейін тамызу ұштарын түтіктердің жиегіне тигізіп, Толтыруға арналған шағын түтіктердің тиісті 3 бағанының (4 A-H; 5 A-H; 6 A-H) әр қайсына150 мкл тамызыңыз.
14. Ұштарды қоқысқа тастаңыз.
15. Сынақтың қалған үлгілерін тасымалдауды жалғастырыңыз.
16. Толтыруға арналған шағын түтік тақтайшасын толтыру қақпағымен жауып, тақтайшаны бөлме температурасында шамамен 20 минуттай инкубациялаңыз. (Ең көбі 6 сағат инкубациялауға болады.)

    ЕСКЕРТПЕ: үлгі түтіктерін ұстау үшін, өңделген үлгілерді жаңа қақпақтармен жабыңыз.
17. Толтыру инкубациясы аяқталғанда, күшейту тақтайшасын дайындаңыз. Тақтайшадағы Күшейтуге арналған шағын түтіктерді «Plate Layout Report» (Тақтайшаның орналасу есебіне) сәйкес реттеңіз (толтыру тақтайшасымен бірдей). Шағын түтік қалталарын 6-қадамда көрсетілгендей қайта жабыңыз.
18. Толтыруға арналған шағын түтік тақтайшасының қақпағын ашыңыз да, тақтайшаны толтыру қыздырғышына салыңыз. Күшейтуге арналған шағын қуыс тақтайшасын **ДЕРЕУ** жылыту қыздырғышына салып, алдын ала жылытып алыңыз.
19. **Таймерді 10 минутқа қойыңыз (ЕСКЕРТПЕ: бұл қадамда көрсетілген уақытты қадағалау өте маңызды.)**
20. 10 минуттық (+/– 1 мин) инкубациядан кейін, тамшуыр құралындағы «**Program 5**» (5-бағдарламаны) таңдаңыз.
21. Ұштарды алып, Толтыруға арналған шағын қуыс тақтайшасының 1-бағанынан 100 мкл сұйықтықты Күшейтуге арналған шағын қуыс тақтайшасының 1-бағанына тасымалдаңыз. Тамызу ұштарын түтіктердің жиегіне тигізіп,

сұйықтықты тамызыңыз. Тамызғаннан кейін, тамшуыр ұшына түтіктердегі сұйықтықты автоматты түрде араластыруына мүмкіндік беріңіз. Тамшуыр құралын тақтайшадан абайлап көтеріп шығарыңыз. Басқа түтіктерге тиіп кетуін болдырмаңыз.

22. Ұштарды қоқысқа тастаңыз. Жаңа ұштарды көтеріңіз де, Толтыруға арналған шағын түтіктердегі реакция қоспасын Күшейтуге арналған шағын түтіктерге әр бағандағы жаңа ұштарды пайдаланып, баған бойынша тасымалдауды жалғастырыңыз.
23. Соңғы баған тасымалданған соң, Күшейтуді герметизациялау құралының астарын шығарыңыз (түтіктермен 6 не одан аз баған толтырылған болса, құралдың астарының жартысын, ал егер 7 не одан көп баған толтырылған болса, астарды толығымен шығарыңыз). Герметизациялау құралын тақтайшаның үстінен жиектері мен ортасынан ұстаңыз. Герметизациялау құралының ортасын анықтау үшін жылыту қыздырғышының нұсқауларын қараңыз. Герметизациялау құралы шағын түтіктердің үстінде тақтайшаны екі шетінен де қамтиды. Барлық шағын түтіктер толығымен буылғанын қамтамасыз ету үшін, герметизациялау құралын төмен қарай итеріп басыңыз.
24. **BD ProbeTec** ET пайдаланушы интерфейсіндегі ұстағышты шығарып, есікті ашыңыз. **Бекітілген** күшейтуге арналған шағын түтік тақтайшасын **BD ProbeTec** ET Instrument (құралына) **ДЕРЕУ** (30 с ішінде) тасымалдаңыз да, сынақта бастаңыз. (Толық нұсқауларды **BD ProbeTec** ET System (жүйесінің) пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.)
25. Тексеруді бастағаннан кейін тазалау процедурасының келесі бөлігін орындаңыз:
    а. Толтыруға арналған шағын түтіктерді Күшейтуді герметизациялау құралымен буыңыз да, тақтайшаны Алғашқы иммунизация және жылыту қыздырғышынан шығарыңыз.

       АБАЙЛАҢЫЗ! температура деңгейі 70°C градустан асады. – Тақтайшаны шығару үшін ыстыққа төзімді қолғапты пайдаланыңыз.

    ә. Тақтайшаны зертхана үстеліне қойып, 5 минуттай суытыңыз.
    б. Герметизациялау құралының шеткі жиектерінен ұстап, қуыстарды бір жинақ ретінде бірге көтеріп алып, жабық Толтыруға арналған шағын қуыстарды тақтайшадан шығарыңыз. Шағын түтіктерді қоқыс дорбасына салыңыз да, аузын жабыңыз.
    в. Темір тақтайшаны тазалау:

       Тақтайшаны ELIMINase, DNA *AWAY* ерітінділерімен немесе Alconox ерітіндісі бар 1% (көлем/көлем) натрий гипохлоритімен шайыңыз.

       Содан кейін, сумен шайып жіберіңіз.

       Тақтайшаны таза сүлгіге орап, толығымен кептіріп алыңыз.
26. Сынақ аяқталғанда, оның нәтижелері басып шығарылады.
27. Тақтайша ұстағышын сатыдан шығарып, есікті ашыңыз да, тақтайшаны шығарыңыз. Есікті жауып, тақтайша сатысын құралдың ішіне қайта орнатыңыз.
28. Буылған күшейтуге арналған шағын түтіктерді тақтайшадан шығарыңыз. **САҚТАНДЫРУ НҰСҚАУЛАР: шағын түтіктерден жабу материалын алмаңыз.** Жабық шағын қуыстарды герметизациялау құралын үстіңгі және астыңғы жағынан ұстап, бір жинақ ретінде бірге тақтайшадан көтеріп алса, олар оңай шығады. Буылған шағын түтіктерді қоқыс дорбасына салыңыз. Дорбаның аузын бекітіңіз.
29. Темір тақтайшаны тазалау:

    Тақтайшаны ELIMINase, DNA *AWAY* ерітінділерімен немесе Alconox ерітіндісі бар 1% (көлем/көлем) натрий гипохлоритімен шайыңыз.

    Содан кейін, сумен шайып жіберіңіз.

    Тақтайшаны таза сүлгіге орап, толығымен кептіріп алыңыз.
30. Күннің соңғы сынағы жасалғаннан кейін, келесі тазалау процедурасын орындаңыз:
    а. Қағаз сүлгілерді немесе дәке таңғыштарды ELIMINase, DNA *AWAY* ерітіндісіне немесе Alconox ерітіндісі бар 1% (көлем/көлем) натрий гипохлоритіне малып, лизис қыздырғышының, Алғашқы иммунизация және жылыту қыздырғышының, **BD ProbeTec** ET Instrument (құралының) үстін, сыртқы беттерін сүртіңіз. Ерітінді құралдың бетінде 2 – 3 минут тұрсын. Содан кейін қағаз сүлгілерді немесе дәке таңғыштарды суға малып, тазалау ерітіндісін сүртіп тастаңыз. Тазалау ерітінділерін қолдану және сумен шаю кезінде сүлгілер мен таңғыштарды жиі ауыстырып тұрыңыз. Қағаз сүлгілерді немесе дәке таңғыштарды ELIMINase, DNA *AWAY* ерітінділерімен немесе Alconox ерітіндісі бар 1% (көлем/көлем) натрий гипохлоритіне малып, тамшуыр-дозатордың тұтқасын сүртіңіз (**ТЕК ТҰТҚАСЫН)**. 2 – 3 минуттан кейін, тұтқаны суға малынған қағаз сүлгі немесе дәке таңғышпен сүртіңіз.
    ә. Лизис ыдысын, лизис ыдысының негізін, лизис ыдысының қақпағын және тақтайшаларды ELIMINase, DNA *AWAY* ерітіндісіне немесе Alconox ерітіндісі бар 1% (көлем/көлем) натрий гипохлоритіне 1 – 2 минутқа салыңыз. Жақсылап сумен шайыңыз да, кептіріңіз.
    б. Тамшуыр құралын қайта зарядтаңыз.
    в. Буылған қоқыс дорбасын және биологиялық қауіпті дорбаны ластанған биологиялық қоқыс материалдарын тастау үшін белгіленген процедураларға сәйкес тастаңыз.

САПА ТЕКСЕРУІ

BD ProbeTec ET *Chlamydia trachomatis/Neisseria gonorrhoeae* positive and negative control set (оң және теріс басқару элементтерінің жиынтығы) бөлек беріледі. Әрбір талдау үшін және әрбір жаңа серия нөмірлері бар жинақтағы реагент үшін бір басқару элементі қосылу керек. Басқару элементтерін кездейсоқ ретпен орналастыруға болады. CT/GC оң басқару элементі тек маңызды реагент сәтсіздігін ғана бақылайды. CT/GC теріс басқару элементі реагентті және/немесе қоршаған орта бүлінуін бақылайды.

Оң басқару элементінде талдау барысында анықталған ағзаның мақсатты ДНҚ-ның қажетті үлгісі болып табылмайтын немесе **BD ProbeTec** ET System (жүйесімен) пайдалану үшін көрсетілген сынама матрицалары (кіші дәрет немесе эпителиалды жасуша суспензиялары) болып табылмайтын клондалған CT және GC мақсатты аймақтарының екеуін де бар. Бұл басқару элементтерін ішкі сапаны бақылау үшін пайдаланылуы мүмкін немесе пайдаланушылар CLSI C24-A3[15] сипаттағандай өздерінің ішкі сапаны бақылау материалдарын әзірлей алады. Қосымша басқару

элементтерін жергілікті, мемлекеттік және/немесе федералдық ережелерге немесе аккредитациялы ұйымдарға сай сынауға болады. Тиісті ішкі сапаны бақылау сынағының тәжірибелері туралы қосымша нұсқаулықты CLSI C24-A3 бөліміне жүгініңіз. Оқ басқару элементтерінде pCT16 тізбектелген плазмидтің әр реакциясына 750 көшірме және pGC10 250 тізбектелген плазмидтің әр реакциясына 250 көшірме бар. Екі ағзаның дә мақсаттық көптеген көшірмелері бар. **BD ProbeTec** ET күшейтілген реакциясының көлемі – 100 мкл қайта гидратталған басқару элементі.

CT/GC оң басқару элементі CT және GC сынағының екеуіне де қолданылғандықтан, дәл нәтиже алу үшін толтырылатын шағын қуыстарды дұрыс орнату маңызды. Толтырылатын шағын қуыстарды дұрыс орнату туралы мәліметті «Сынау процедурасы» тақырыбының «H» бөлімінен қараңыз.

Пациент нәтижелерін дұрыс беру үшін, CT/GC оң және CT/GC теріс басқару элементі тиісінше оң және теріс ретінде сыналуы керек. Егер басқару элементтері ойдағыдай орындалмаса, талдау жарамсыз болып есептеліп, пациент нәтижелерін құрал мәлімдемейді. QC ойдағыдай нәтижелер бермесе, басқару элементтерінің жаңа жинағын, жаңа толтырылатын шағын қуыстар мен өңделген сынамаларды пайдаланып процесті толығымен қайталаңыз. Қайталанған QC тексеруі күткен нәтижелерді бермесе, техникалық қызмет көрсету орталығына хабарлаңыз. («Нәтижелерді талдау» бөлімін қараңыз.)

Басқару элементтерін дайындау нұсқаулары туралы мәліметті «Сынау процедурасы» тақырыбының «Д» бөлімінен қараңыз. Басқару элементтерін дайындаған соң, «Сынақ процедурасы» тарауының «E» бөлімінде сипатталғандай сынауды жалғастырыңыз.

Бөлек Күшейту тексеруі (AC) кідірту сынағының қосымшасы болып табылады және ол CT/GC/AC реагент жинағы бөлімінде қол жетімді. CT/GC/AC реагент жинағы пайдаланылған жағдайда, әр пациент үлгісі және басқару элементі үшін күшейту AC қосылуы керек: Күшейту басқару элементінде матрица үлгісінде күшейтілетін pGC10 тізбектелген плазмидінің әр реакциясы үшін ≥ 1000 көшірме бар. Күшейтуге арналған басқару элементі құрамында CT немесе GC ДНҚ анықталуының алдын алатын күшейту ингибиторлары болуы мүмкін үлгілерді анықтауға арналған. («Нәтижелерді талдау« бөлімін қараңыз.)

Басқару элементі нәтижелерін түсіндіру

AC элементінсіз басқару элементі нәтижелерін түсіндіру

	CT немесе GC MOTA санағы	**Нәтиже**
CT/GC оң басқару элементі	MOTA ≥ 2000	Қабылдауға болады
CT/GC теріс басқару элементі	MOTA < 2000	Қабылдауға болады

AC элементі бар басқару элементі нәтижелерін түсіндіру

	CT немесе GC MOTA санағы	**AC MOTA САНАҒЫ***	**Нәтиже**
CT/GC оң басқару элементі	MOTA ≥ 2000	MOTA ≥ 1000	Қабылдауға болады
CT/GC теріс басқару элементі	MOTA < 2000	MOTA ≥ 1000	Қабылдауға болады

* AC сәтсіз болса, (MOTA < 1000), басқару элементі де сәтсіз болады.

Сынама Өңдеу Басқару Элементтері:

Сынама өңдеу басқару элементтерін тиісті аккредитация ұйымдарына сай сынауға болады. Оң басқару элементі бүкіл талдау жүйесін тексеруі керек. Осы мақсат үшін, белгілі оң сынамалары белгісіз сынамаларға сәйкес өңделу және сыналу арқылы басқару элементтері ретінде қызмет ете алады. Өңдеу басқару элементтері ретінде пайдаланылған сынамалар құжат бумасының қосымша бетіне сәйкес сақталуы, өңделуі және тексерілуі қажет. Оң сынамаларды пайдаланудың баламасы ретінде, кіші дәрет өңдеу үлгісі ретіндегі сынама өңдеу басқару элементтерін төмендегідей дайындауға болады.

***Chlamydia trachomatis*:**

Белгілі оң үлгі жоқ болса, төменде сипатталған әдіс бойынша дайындалған *C. trachomatis* LGV2 (ATCC# VR-902B) бастапқы культурасын талдауға болады:

1. ATCC орталығынан алынған *C. trachomatis* LGV2 жасушалар шөлмегін мұздан ерітіңіз.
2. Фосфатты буферлі тұз ерітіндісінің (ФБТЕ) ішіндегі 10^5 ерітіндісі үшін (соңында көлемі кемінде 5 мл болуы керек) он еселік жүйелі сұйылтуын дайындаңыз.
3. 10^5 ерітіндісінің 4 мл мөлшерін **BD ProbeTec** ET sample tube (үлгі түтігіне) құйыңыз.
4. «Сынақ процедурасы» тарауының «Г» бөлімі, 5-қадаманынан бастап көрсетілгендей, үлгіні несеп үлгісі сияқты өңдеңіз.
5. Өңдеп болған соң, «Сынақ процедурасы» тарауының «E» бөлімінде көрсетілгендей, үлгіге лизистеу процедурасын жасаңыз.
6. «Сынақ процедурасы» тарауының «H» бөлімінде көрсетілгендей сынақ жасауды жалғастырыңыз.

Neisseria gonorrhoeae:

Белгілі оң үлгі жоқ болса, төменде сипатталған үрдіс бойынша дайындалған *N. gonorrhoeae* (ATCC орталығынан алуға болады, штамм # 19424) бастапқы культурасын талдауға болады:

1. ATCC орталығынан алынған *N. gonorrhoeae* бастапқы культурасының шөлмегін мұздан ертіңіз де, дереу шоколад агарының тақтайшасына егіңіз.
2. 3 – 5% CO_2 ішінде, 37°C градуста 24 – 48 сағат бойы инкубациялаңыз.
3. Шоколад агар тақтайшасындағы колонияларды фосфатты буферлі тұз ерітіндісіне (ФБТЕ) қайта тұндырыңыз.
4. Жасушаларды ФБТЕ ішінде 1.0 МакФарланд бұлдырлық стандарты бойынша сұйылтыңыз (шамамен 3 X 10^8 жасуша/мл).
5. Фосфатты буферлі тұз ерітіндісінің (ФБТЕ) ішіндегі 10^5 МакФарланд ерітіндісі үшін (соңында көлемі кемінде 5 мл болуы керек) он еселік жүйелі сұйылтуын дайындаңыз.

6. 10^5 ерітіндісінің 4 мл мөлшерін **BD ProbeTec** ET sample tube (үлгі түтігіне) құйыңыз.
7. «Сынақ процедурасы» тарауының «Г» бөлімі, 5-қадаманынан бастап көрсетілгендей, үлгіні несеп үлгісі сияқты өңдеңіз.
8. Өңдеп болған соң, «Сынақ процедурасы» тарауының «Е» бөлімінде көрсетілгендей, үлгіге лизистеу процедурасын жасаңыз.
9. «Сынақ процедурасы» тарауының «Н» бөлімінде көрсетілгендей сынақ жасауды жалғастырыңыз.

ДНҚ қышқылымен ластануды бақылау

Кемінде айына бір рет жұмыс аймағының және жабдықтың сыртқы беттерінің ДНҚ қышқылымен ластануын тексеру үшін, төменде көрсетілген сынақ процедурасын жасап тұру қажет. Ластануды мәселе туындамай тұрып анықтау үшін қоршаған ортаны бақылау маңызды болып табылады.

1. Тексерілетін әр аймақ үшін **BD ProbeTec** ET Endocervical specimen collection and transport systems (эндоцервикалды үлгілер жинағы мен тасымалдау жүйесінің) таза мақталы таяқшалар жинағын және CT/GC ерітіндісінің түтігін пайдаланыңыз. [Немесе 2 мл ерітіндісі бар (CT/GC) үлгі түтігін пайдалануға болады.]
2. Таяқшаны CT/GC ерітіндісіне малып, кең ауқымды қамтып, сыпыру жасағандай қимылмен бірінші аймақты сүртіңіз*.
3. Таяқшаны CT/GC ерітіндісінің түтігіне сығып алыңыз. Түтіктің қақпағын жауып, 5 с шайқаңыз.
4. Қажетті әр аймақ үшін әрекетті қайталаңыз.
5. Барлық жағындылар жиналып, ерітіндінің ішіне сығылып және шайқалып болғаннан кейін, түтіктерде «Сынақ процедурасы» тарауында көрсетілгендей лизистеуге («Е» бөлімі) және талдауға («Н» бөлімі) болады.

*Тексеру қажет аймақтарға төмендегілер жатады: лизис қыздырғышының, лизис сөресінің, Алғашқы иммунизация және жылыту қыздырғыштарының беті, қара түсті шағын түтік науалары, тамшуыр құралының тұтқасы, құралдың басылатын туймелері, құралдың пернетақтасы, құралдың есігін ашу (жасыл-көгілдір түсті перне) центрифуга барабаны және жұмыс үстел(дер)і (соның ішінде өңдеу аймақтары).

Егер аймақ бойынша оң нәтиже алынса, сол аймақты ELIMINase, DNA *AWAY* ерітінділерімен немесе Alconox ерітіндісі бар 1% (v/v) натрий гипохлоритімен тазалаңыз. Ластанған аймақты түгелдей ерітіндімен ылғалдандырып сүртіп, 2 минутқа немесе кепкенше қалдырыңыз. Қажет болса, артық тазалау ерітіндісін таза сүлгімен сүртіңіз. Аймақта суға малынған таза сүлгімен сүртіп шығыңыз да, кепкенін күтіңіз. Аймақ үшін сынақты қайта жасаңыз. Теріс нәтиже алынғанша қайталай беріңіз. Егер ластануды кетіру мүмкін болмаса, қосымша ақпарат алу үшін техникалық қызмет көрсету орталығымен хабарласыңыз.

СЫНАҚ НӘТИЖЕЛЕРДІ ТАЛДАУ

BD ProbeTec ET *Chlamydia trachomatis* және *Neisseria gonorrhoeae* Amplified DNA Assay (күшейтілген ДНҚ талдауларында) емханалық үлгілерде *C. trachomatis* және *N. gonorrhoeae* ДНҚ-ларын анықтау әдісі ретінде флюоресцентті энергияны тасымалдау (ET) пайдаланылады. Барлық есептеулерді құралдың бағдарламалық құралы автоматты түрде жасайды.

C. trachomatis және *N. gonorrhoeae* бактерияларының бар-жоғы **BD ProbeTec** ET МОТА санағы мен алдын ала анықталған шектес мәндерінің үлгісін байланыстыру арқылы анықталады. МОТА санағы реакция нәтижесі ретінде жасалған сигналдың күшін бағалау үшін пайдаланылатын өлшем болып табылады. МОТА санағының күштілігі үлгідегі организм деңгейінің көрсеткіші болып табылмайды.

Талдау нәтижелері күтілгеннен басқаша болса, емделуші нәтижелерін хабарлауға болмайды. Алыну керек бақылау мәндерін «САПА ТЕКСЕРУІ» бөлімінен көріңіз. Есеп берілетін нәтижелер төмендегідей анықталады.

CT/GC реагент жинағы үшін:

Күшейту бақылау қамтылмаған *C. trachomatis* және *N. gonorrhoeae* нәтижелерінің талдауы

CT немесе GC МОТА санағы	Есеп	Талдау	Нәтиже
≥ 10 000	SDA әдісімен *C. trachomatis* плазмид ДНҚ-сы және/немесе *N. gonorrhoeae* ДНҚ-сы анықталды	*C. trachomatis* және/немесе *N. gonorrhoeae* үшін оң мәнді. ДНҚ өмірге қабілетті организмдерсіз де бар болуы мүмкін болғандықтан, *C. trachomatis* және/немесе *N. gonorrhoeae* организмдерінің өмірге қабілеттілігі және/немесе жұқтыру мүмкіндігін анықтау мүмкін емес.	Оң[1]
2 000-9 999	SDA әдісімен *C. trachomatis* плазмид ДНҚ-сы және/немесе *N. gonorrhoeae* анықталды	*C. trachomatis* және/немесе *N. gonorrhoeae* бар сияқты. *C. trachomatis* және/немесе *N. gonorrhoeae* организмдерінің бар екенін растау үшін қосымша сынақ жасау көмектесуі мүмкін.[2]	Оң (әлсіз)[1,2,3]
< 2 000	SDA әдісімен *C. trachomatis* плазмид ДНҚ-сы және/немесе *N. gonorrhoeae* анықталмады	*C. trachomatis* және/немесе *N. gonorrhoeae* организмдері жоқ деп болжамдалады. Нәтиженің теріс болуы *C. trachomatis* және/немесе *N. gonorrhoeae* инфекциясының мүлде жоқ болуын білдірмейді, себебі нәтижелер үлгінің дұрыс жиналуына, ингибиторлардың жоқ болуына және анықталатын ДНҚ-ның жеткілікті болуына тәуелді.	Теріс

[1] CDC нұсқауларына сәйкес, «қауіп-қатер факторының мәліметі немесе зерттеулердің өзі төмен деңгейдегі PPV мәнін (мысалы, < 90%) беру арқылы таралу деңгейі төмен екенін көрсетсе, *C. trachomatis* немесе *N. gonorrhoeae* бақылау сынағы оң нәтиже көрсеткен адамдар үшін әдеттегі қосымша сынақ жасау мүмкіндігін қарастырғаны жөн». Қолданылған сынақ әдісіне тәуелсіз (мысалы, NAAT, DFA, EIA, нуклеин қышқылының сынағы),«барлық оң нәтижелер инфекцияның болжалды дәлелі ретінде қарастырылуы керек».[16] Оң сынақ нәтижесі алынғаннан кейін, қосымша сынақ жасау және емделушіні бақылау бойынша толық мәліметтерді CDC нұсқауларынан алыңыз.

[2] Емханалық зерттеулерде бақыланған үлгі түрлеріне CT және GC МОТА мәндерінің қолданылуы туралы қосымша ақпаратты төмендегі үзіндіден және «Жұмыс сипаттамалары» тарауындағы 2 және 3–суреттерден қараңыз.

[3] МОТА санағының күштілігі үлгідегі организм деңгейінің көрсеткіші болып табылмайды.

CT/GC/AC реагент жинағы үшін:

AC көмегімен *C. trachomatis* және *N. gonorrhoeae* нәтижелерінің талдануы

CT немесе GC MOTA санағы	AC MOTA санағы	Есеп	Талдау	Нәтиже
≥ 10 000	Кез келген	SDA әдісімен *C. trachomatis* плазмид ДНҚ-сы және/немесе *N. gonorrhoeae* ДНҚ-сы анықталды	*C. trachomatis* және/немесе *N. gonorrhoeae* үшін оң мәнді. ДНҚ өмірге қабілетті организмдерсіз де бар болуы мүмкін болғандықтан, *C. trachomatis* және/немесе *N. gonorrhoeae* организмдерінің өмірге қабілеттілігі және/немесе жұқтыру мүмкіндігін анықтау мүмкін емес.	Оң[1]
2 000 – 9 999	Кез келген	SDA әдісімен *C. trachomatis* плазмид ДНҚ-сы және/немесе *N. gonorrhoeae* анықталды	*C. trachomatis* және/немесе *N. gonorrhoeae* бар сияқты. *C. trachomatis* және/немесе *N. gonorrhoeae* организмдерінің бар екенін растау үшін қосымша сынақ жасау көмектесуі мүмкін.[2]	Оң (әлсіз)[1,2,3]
< 2 000	≥ 1 000	SDA әдісімен *C. trachomatis* плазмид ДНҚ-сы және/немесе *N. gonorrhoeae* анықталмады	*C. trachomatis* және/немесе *N. gonorrhoeae* организмдері жоқ деп болжамдалады. Нәтиженің теріс болуы *C. trachomatis* және/немесе *N. gonorrhoeae* инфекциясының мүлде жоқ болуын білдірмейді, себебі нәтижелер үлгінің дұрыс жиналуына, ингибиторлардың жоқ болуына және анықталатын ДНҚ-ның жеткілікті болуына тәуелді.	Теріс
< 2 000	< 1 000	Күшейтуді реттеуге тыйым салынды. Қайта сынаңыз [4]	Қайта-қайта тыйым салынған үлгі. Бар болған жағдайда SDA әдісімен *C. trachomatis* және *N. gonorrhoeae* анықталмайды. Сынау үшін басқа үлгіні жіберіңіз.	Анықталмайды

[1] CDC нұсқауларына сәйкес, «қауіп-қатер факторының мәліметі немесе зерттеулердің өзі төмен деңгейдегі PPV мәнін (мысалы, < 90%) беру арқылы таралу деңгейі төмен екенін көрсетсе, *C. trachomatis* немесе *N. gonorrhoeae* бақылау сынағы оң нәтиже көрсеткен адамдар үшін әдеттегі қосымша сынақ жасау мүмкіндігін қарастырғаны жөн». Қолданылған сынақ әдісіне тәуелсіз (мысалы, NAAT, DFA, EIA, нуклеин қышқылының сынағы),«барлық оң нәтижелер инфекцияның болжалды дәлелі ретінде қарастырылуы керек».[16] Оң сынақ нәтижесі алынғаннан кейін, қосымша сынақ жасау және емделушіні бақылау бойынша толық мәліметтерді CDC нұсқауларынан алыңыз.

[2] Емханалық зерттеулерде бақыланған үлгі түрлеріне CT және GC MOTA мәндерінің қолданылуы туралы қосымша ақпаратты төмендегі үзіндіден және «Жұмыс сипаттамалары» тарауындағы 2 және 3–суреттерден қараңыз.

[3] MOTA санағының күштілігі үлгідегі организм деңгейінің көрсеткіші болып табылмайды.

[4] **BD ProbeTec** ET test (сынағын) қайталаңыз. Несеп үшін бастапқы үлгіден бастап қайталаңыз. Егер бастапқы үлгі жоқ болса, өңделген үлгі түтігімен қайталаңыз. Жағындылар үшін өңделген үлгі түтігімен қайталаңыз. Егер қайталау нәтижесі оң немесе теріс болса, жоғарыда сипатталғандай талдаңыз. Егер нәтижелер анықталмайды деп қайталанса, жаңа үлгі сұралуы тиіс.

CT/GC/AC үзіндісін анықтау:

CT және GC үлгілерінің нәтижелеріне арналған талдау және күшейту реттеулерінің үзінділері **BD ProbeTec** ET CT/GC assay (талдауы) мен клиникадан бұрынғы зерттеулер кезінде күшейтілген басқа әдісті пайдаланып сыналған емделуші үлгілерімен (ерлердің уретралды жағындысы, әйелдердің эндоцервикалды жағындысы, ерлер және әйелдер несебі) алынған MOTA мәндерінің қабылдағыш жұмысының сипаттамасы (ROC) қисық сызығын талдауға негізделіп анықталған. Үзінділер **BD ProbeTec** ET CT/GC assay (талдауы) және әдісі, Тікелей флюоресценция антиденесі (Direct Fluorescence Antibody - DFA) (тек CT) және басқа күшейтілген әдіс көмегімен клиникалық зерттеулерде расталған. Бұл зерттеулер көбіне 2 000-нан үлкен CT және/немесе GC MOTA мәндері *C. trachomatis* және/немесе *N. gonorrhoeae* ағзасының бар екендігін көрсететінін білдіреді. 2 000-нан аз CT және/немесе GC MOTA мәндері *C. trachomatis* және/немесе *N. gonorrhoeae* культурасының теріс нәтижелерімен көбіне сәйкес келеді. CT MOTA мәндері 2 000 және 4 000 аралығындағы ерлердің уретралды жағындысы, әйелдердің эндоцервикалды жағындысы және ерлер несебінің үлгілерінде 4 000-нан жоғары MOTA мәндерімен салыстырғанда, нақты оң мәнді болуының төмен ықтималдығы байқалды. Әйелдердің несеп үлгілері үшін MOTA мәндері 2 000 және 10 000 арасында болатын CT оң нәтижелерінде де 10 000-нан жоғары MOTA мәндерімен салыстырғанда да, нақты оң мәнді болуының төмен ықтималдығы байқалды. MOTA мәндері 2 000 және 10 000 аралығындағы GC оң нәтижелерінде де 10 000-нан жоғары MOTA мәндерімен салыстырғанда, нақты оң мәнді болуының төмен ықтималдығы байқалды. Клиникалық зерттеуде сарапталған үлгі түріне CT және GC MOTA мәндерінің қолданылуын 2 және 3-суреттен қараңыз. Осы суреттердегі деректерге арналған болжалды оң мән (PPV) мына формуламен есептелді: Нақты оң мән/Нақты оң мән + Жалған оң мән. Деректер таралу үшін реттелмейді. 2 000 – 10 000 MOTA аралығындағы CT нәтижелері 10 000-нан жоғары MOTA мәндері үшін 82% – 100% PPV ауқымымен салыстырғанда, 56% – 83% ауқымындағы PPV мәніне ие болды. 2 000 – 10 000 MOTA аралығындағы GC нәтижелері 10 000-нан жоғары MOTA мәндері үшін 90% – 100% PPV ауқымымен салыстырғанда, 44% – 75% ауқымындағы PPV мәніне ие болды. Сыналған үлгілердің түрлеріне байланысты, үлгі ретінде алынған популяциялар мен зертхана тәжірибелері, MOTA мәндері 2 000 – 10 000 аралығындағы үлгілер үшін қосымша сынақтың пайдасы тиюі мүмкін. Оң бақылау сынағынан кейінгі қосымша сынақ және емделушіні реттеу бойынша мәліметтерді CDC нұсқауларынан қараңыз.

BD ProbeTec ET GC assay (талдауының) айқас реакциясында *N. cinerea* көрсетілді және басқа *Neisseria* үлгілері де жалған оң нәтижелерді тудыруы мүмкін. Жыныстық жолмен берілетін аурулар жоғары дәрежеде таралатын параметрлерде оң мәнді талдау нәтижелерінің нақты оң мәнді болуының жоғары ықтималдығы бар. Жыныстық жолмен берілетін аурулар төмен дәрежеде таралатын параметрлерде немесе емделушінің клиникалық белгілері мен симптомдары немесе қатер факторлары гонококк немесе хламидиялық несеп жолы инфекциясымен сәйкес келмейтін

қандай да бір параметрде оң нәтижелер мұқият бағаланып, қажет болса, емделушіні басқа әдістермен (мысалы, GC әдісі) қайта тексеру қажет.

ПРОЦЕДУРАНЫҢ ШЕКТЕУЛЕРІ

1. Бұл әдіс эндоцервикалды тампондармен, еркектердің уретралдық тампондарымен және еркектердің және әйелдердің зәр үлгілерімен ғана сыналды. Басқа үлгі түрлеріндегі өнімділік бағаланбады.
2. Сынақты оңтайлы орындау тиісті үлгілерді жинау және өңдеуді қажет етеді. Осы кірістірменің «Үлгіні жинау және тасымалдау» бөлімдерін қараңыз.
3. Эндоцервикалды үлгінің тиістілігін тек үлгілердегі эпителиалды жасушаларды микроскоптық көрнекілеу арқылы бағалауға болады.
4. **BD ProbeTec** ET *Chlamydia trachomatis/Neisseria gonorrhoeae* Amplified DNA Assay (күшейтілген ДНҚ талдауы) көмегімен зәр үлгілерін жинау және сынау несеп жолының инфекциясының диагнозын белгілеу үшін жатыр мойнышығын бақылауды және эндоцервикалды сынама тестті ауыстыруға арналмаған. Цервицит, уретрит, несеп жолының инфекциялары және жыныс мүшесінің инфекциялары басқа себептерден пайда болуы мүмкін немесе бір уақыттағы инфекциялар орын алуы мүмкін.
5. Еркек және әйел зәрін сынау үшін **BD ProbeTec** ET *Chlamydia trachomatis*/*Neisseria gonorrhoeae* Amplified DNA Assay (күшейтілген ДНҚ талдауын) бірінші алынған кездейсоқ зәр үлгілерінде орындау керек (зәр ағынының бірінші 15 – 20 мл деп анықталады). Емханалық бағалау кезінде 60 мл дейін зәр көлемін сынау өнімділікті бағалауға қосылған. Көбірек зәр көлемінің еру әсерлері талдау сезгіштігін азайтуы мүмкін. Ағынның ортаңғы бөлігі сияқты басқа айнымалылардың әсерлері анықталмады.
6. Жыныс мүшесінің іріңі, тампондарды пайдалану, бүрку сияқты басқа ықтимал айнымалылардың және үлгіні жинау айнымалыларының әсерлері анықталмады.
7. Теріс сынақ нәтижесі инфекция мүмкіндігін қоспайды, өйткені сынақ нәтижелеріне үлгіні дұрыс жинамау, техникалық қате, үлгілердің араласуы, ағымдағы антибиотик терапиясы немесе үлгідегі сынақ сезгіштігінен төмен болуы мүмкін организмдер саны әсер етуі мүмкін.
